

2025. 12 (4)

Asian Journal

"STEPPE PANORAMA"



ISSN 2710-3994

ISSN 2710-3994 (online)

Құрылтайшысы және баспагері: Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Ғылыми журнал Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2025 ж. 5 сәуірде тіркелген. Тіркеу нөмірі № KZ91VPY00116246. Жылына 6 рет жарияланады (электронды нұсқада).

Журналда тарих ғылымының *келесі бағыттары* бойынша ғылыми жұмыстар жарияланады: тарих, этнология.

Жарияланым тілдері: қазақ, орыс, ағылшын.

Редакция мен баспаның мекен-жайы:

050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй

ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Тел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

Журнал сайты: <https://ajspiie.com>

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы
Тарих және этнология институты 2025
© Авторлар ұжымы, 2025

БАС РЕДАКТОР

Қабылдинов Зиябек Ермұқанұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР ҒЖБМ ҒКШ.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас директоры. (Қазақстан)

РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА

Аутрам Алан (Outram Alan) — археология ғылымдарының докторы, Эксетер университеті, тарих және археология кафедрасының профессоры. (Ұлыбритания)

Аширов Адхамжон Азимбаевич — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Өзбекстан Республикасы Ғылым академиясының Тарих институтының Этнология және антропология орталығының меңгерушісі. (Өзбекстан)

Әбіл Еркін Аманжолұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институтының директоры. (Қазақстан)

Әлімбай Нұрсан — тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

Вернер Кунтһиа (Werner Cynthia) — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Техас университеті. (АҚШ).

Дайнер Александр (Diener Alexander) – тарих ғылымдарының докторы, профессор. Канзас университеті, (АҚШ)

Көкебаева Гүлжауһар Какенқызы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті. (Қазақстан)

Кригер Виктор (Kriege Viktor) — тарих ғылымдарының докторы, Нюрнбергтегі Бавариялық немістер мәдени орталығының (BKDR) ғылыми қызметкері. (Германия)

Оайон Изабель (Ohayon Isabelle) — тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, CERCEC директорының орынбасары, Францияның Ұлттық ғылыми зерттеу орталығының (CNRS) қызметкері. (Франция)

Сабурова Татьяна — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Индиана университеті. (АҚШ)

Моррисон Александр (Morrison Alexander) — PhD, Оксфорд университетінің профессоры. (Ұлыбритания)

Муминов Ашірбек Құрбанұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Ислам тарихы, өнер және мәдениет ғылыми-зерттеу орталығының аға ғылыми қызметкері IRCICA – İslam Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi. (Түркия)

Римантас Желвис (Želvys Rimantas) — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Вильнюс педагогикалық университеті. (Литва)

Смағұлов Оразақ Смағұлұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Балон ғылым академиясының корр.-мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты, ғылым мен техниканың еңбек сіңірген қайраткері, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)

Таймағамбетов Жәкен Қожахметұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР Ұлттық музейі. (Қазақстан)

ЖАУАПТЫ РЕДАКТОР

Қаипбаева Айнагүл Толғанбайқызы — тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының жетекші ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

ҒЫЛЫМИ РЕДАКТОРЛАР

Қапаева Айжан Тоқанқызы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының Бас ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

Күбеев Рустем Жаулыбайұлы — Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

ТЕХНИКАЛЫҚ ХАТШЫ

Копеева Сания Жуматайқызы — магистр, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының қызметкері. (Қазақстан).

ISSN 2710-3994 (online)

Учредитель и издатель: РГП на ПХВ «Институт истории и этнологии им.Ч.Ч. Валиханова»
Комитета науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан

Научный журнал зарегистрирован в Комитете связи, информатизации и информации
Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан, свидетельство
о регистрации:

№ KZ91VPY00116246 от 03.04.2025 г. Публикуется 6 раз в год (в электронном формате).

В журнале публикуются научные работы *по следующим направлениям* исторической науки:
история, этнология.

Языки публикации: казахский, русский, английский.

Адрес редакции и издательства:

050010 Республика Казахстан, г. Алматы, ул. Шевченко, д. 28

РГП на ПХВ Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова КН МНВО РК

Тел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

Сайт журнала: <https://ajspiie.com>

© Институт истории и этнологии
имени Ч.Ч. Валиханова, 2025
© Коллектив авторов, 2025

ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР

Кабульдинов Зиябек Ермуханович — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, генеральный директор Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова КН МНВО РК. (Казахстан)

РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Абиль Еркин Аманжолович — доктор исторических наук, профессор, директор Института истории государства КН МНВО РК. (Казахстан)

Алимбай Нурсан — кандидат исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан)

Аутрам Алан (Outram Alan) — доктор археологических наук, профессор департамента археологии и истории Университета Эксетера. (Великобритания)

Аширов Адхамжон Азимбаевич — доктор исторических наук, профессор, заведующий Центром этнологии и антропологии Института истории Академии наук Республики Узбекистан. (Узбекистан)

Вернер Синтия (Werner, Cynthia) — доктор исторических наук, профессор. Техасский университет. (США)

Дайнер Александр (Diener Alexander) — доктор исторических наук, профессор. Канзасский университет (США)

Исмагулов Оразак Исмагулович — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, член-корр. Болонской академии наук, лауреат премии им. Ч.Ч. Валиханова, заслуженный деятель науки и техники, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. (Казахстан)

Кокебаева Гульжаухар Какеновна — доктор исторических наук, профессор Казахского национального педагогического университета имени Абая. (Казахстан)

Кригер Виктор (Kriege Viktor) — доктор исторических наук, научный сотрудник Баварского культурного центра немцев (BKDR) в Нюрнберге. (Германия)

Моррисон Александр (Morrison Alexander) — PhD, профессор Оксфордского университета. (Великобритания)

Муминов Аширбек Курбанович — доктор исторических наук, профессор, старший научный сотрудник Исследовательского центра исламской истории, искусства и культуры. IRCICA – İslâm Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi. (Турция)

Оайон Изабель (Ohayon Isabelle) — кандидат исторических наук, профессор, заместитель директора CERCEC, сотрудник Национального центра научных исследований Франции (CNRS). (Франция)

Римантас Желвис (Želvys Rimantas) — доктор педагогических наук, профессор, Вильнюсский педагогический университет. (Литва)

Сабурова Татьяна — доктор исторических наук, профессор, Университет Индианы. (США)

Таймагамбетов Жакен Кожаметович — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, Национальный музей РК. (Казахстан)

ОТВЕТСТВЕННЫЙ РЕДАКТОР

Каипбаева Айнагуль Толганбаевна — кандидат исторических наук, ведущий научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан)

НАУЧНЫЕ РЕДАКТОРЫ

Капаева Айжан Токановна — доктор исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан).

Кубеев Рустем Джаулыбайулы — научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан).

ТЕХНИЧЕСКИЙ СЕКРЕТАРЬ

Копеева Сания Жуматаевна — магистр, сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан).

ISSN 2710-3994 (online)

Founder and publisher: RSE on REM "Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology" of the Committee of Science of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan

The scientific journal is registered at the Committee for Communications, Informatization and Information of the Ministry for Investments and Development of the Republic of Kazakhstan, registration certificate: No. KZ91VPY00116246 dated 03.04.2025. The journal is published 6 times a year (in electronic format).

The journal publishes scientific works in the *following areas* of historical science: history, ethnology.

Publication languages: Kazakh, Russian, English.

Editorial and publisher address:

28 Shevchenko Str., 050010, Almaty, Republic of Kazakhstan

RSE on REM Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology CS MSHE of the Republic of Kazakhstan

Tel.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

Journal website: <https://ajspiie.com>

© Ch.Ch. Valikhanov Institute
of History and Ethnology, 2025
© Group of authors, 2025

EDITOR-IN-CHIEF

Kabuldinov Ziabek Ermukhanovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, General Director of Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology SC MSHE RK. (Kazakhstan)

EDITORIAL BOARD

Abil Yerkin Amanzholovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Director of the Institute of History of the State CS MES RK. (Kazakhstan)

Alimbay Nursan — Candidate of Historical Sciences, Professor, Chief Researcher at the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

Azimqulov Javohir — Doctor of Historical Sciences, Professor, Head of the Center for Ethnology and Anthropology at the Institute of History, Academy of Sciences of the Republic of Uzbekistan. (Uzbekistan)

Diener Alexander — Doctor of Political Science, Professor, University of Kansas. (USA)

Ismagulov Orazak Ismagulovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Corresponding Member of Bologna Academy of Sciences, winner of Ch.Ch. Valikhanov Award, Honored Worker of Science and Technology, Professor of L.N. Gumilyov University. (Kazakhstan)

Kokebayeva Gulzhaukhar Kakenovna — Doctor of Historical Sciences, Professor at the Abai Kazakh National Pedagogical University. (Kazakhstan)

Kriege Viktor — Doctor of Historical Sciences, Researcher at the Bavarian Cultural Center of Germans (BKDR) in Nuremberg. (Germany)

Morrison Alexander — PhD, Professor, University of Oxford. (UK)

Muminov Ashirbek Kurbanovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Senior Researcher at the Research Center for Islamic History, Art and Culture. IRCICA (İslâm Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi). (Turkey)

Ohayon Isabelle — Candidate of Historical Sciences, Professor, Deputy Director of CERCEC, Researcher at the French National Center for Scientific Research (CNRS). (France)

Outram Alan — Doctor of Archaeological Sciences, Professor in the Department of Archaeology and History at University of Exeter. (Britain)

Rimantas Želvys — Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Vilnius Pedagogical University. (Lithuania)

Saburova Tatiana — Doctor of Historical Sciences, Professor, Indiana University. (USA)

Taimagambetov Zhaken Kozhakhmetovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, National Museum of the Republic of Kazakhstan. (Kazakhstan)

Werner, Cynthia — Doctor of Historical Sciences, Professor, Texas university. (USA)

EXECUTIVE EDITOR

Kaipbayeva Ainagul Tolganbayevna — Candidate of Historical Sciences, leading researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology (Kazakhstan).

ACADEMIC EDITOR

Kapaeva Aizhan Tokanovna — Doctor of Historical Sciences, Professor, Chief Researcher at the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

Kubeyev Rustem Dzhaulybayuly — researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

TECHNICAL SECRETARY

Kopeyeva Saniya Zhumataevna — Master's, researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

ЭТНОЛОГИЯ/АНТРОПОЛОГИЯ / ETHNOLOGY/ANTHROPOLOGY

Published in the Republic of Kazakhstan
Asian Journal “Steppe Panorama”
Has been issued as a journal since 2014
ISSN 2710-3994.
Vol. 12. Is. 4, pp. 1235-1256, 2025
Journal homepage: <https://ajspiie.com>

FTAXP / MPHTI / IRSTI 03.29.00
https://doi.org/10.51943/2710-3994_2025_12_4_1235-1256

THE ROLE OF HISTORIC RESIDENTIAL BUILDINGS IN PRESERVING THE URBAN CULTURAL LANDSCAPE OF ALMATY

Sakhi Zhuldyz¹, Karzhaubayeva Amina^{2*}

¹Istanbul Ticaret University
(88/2, Sutluce, 34445 Beyoglu, İstanbul, Türkiye)
PhD, assistant professor
 <https://orcid.org/0000-0002-8608-7498>. E-mail: zsakhi@ticaret.edu.tr

²Al-Farabi Kazakh National University.
(71, al-Farabi Ave., 050010 Almaty, Republic of Kazakhstan)
PhD student
 <https://orcid.org/0009-0009-9795-5033>. E-mail: amina-almaty.kz@mail.ru

*Corresponding author

© Ch.Ch. Valikhanov IHE, 2025
© Sakhi Zh., Karzhaubayeva A., 2025

Abstract. *Introduction.* This research explores the architectural, historical, and legal status of residential buildings in Almaty that are included in the official list of monuments of local significance. *Goals and objectives.* These houses, built in the late 19th and early 20th centuries, are an important part of the city's identity. They are studied not only as residential facilities but also as monument houses and cultural heritage sites that reflect the lives and legacies of notable individuals. The study identifies approximately ten such buildings and analyzes those recognized as monuments of national or local importance. It also examines how these buildings are protected legally and what regulations or requirements apply to them. *Results.* The research revealed considerable differences in the quality of preservation between nationally and locally protected buildings, both in terms of legal safeguards and actual conditions. Many of the houses have not retained their original form, and some lost their historical features during renovations. *Conclusion.* One proposed method of preserving these valuable sites is to repurpose them into museum spaces. This approach is seen as an effective way to maintain the city's historical memory and pass on cultural heritage to future generations.

Keywords: Almaty city, historical residential buildings, architectural heritage, museification

For citation: Sakhi Zh., Karzhaubayeva A. The role of historic residential buildings in preserving the urban cultural landscape of Almaty // Asian Journal “Steppe Panorama”. 2025. Vol. 12. No. 4. Pp. 1235–1256. (In Kaz.). DOI: 10.51943/2710-3994_2025_12_4_1235-1256

АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНДАҒЫ ТАРИХИ ТҰРҒЫН ҮЙЛЕРДІҢ ҚАЛАЛЫҚ МӘДЕНИ КЕҢІСТІКТІ САҚТАУДАҒЫ РӨЛІ

Сахи Жұлдыз¹, Каржаубаева Амина^{2*}

¹Стамбул Тиджарет университеті

(88/2-үй, Сютлюдже, 34445 Бейоглы, Стамбул, Түркия)

PhD, ассистент профессор

 <https://orcid.org/0000-0002-8608-7498>. E-mail: zsakhi@ticaret.edu.tr

²Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті

(71-үй, Әл-Фараби даңғ., Алматы, Қазақстан Республикасы)

PhD докторант

 <https://orcid.org/0009-0009-9795-5033>. E-mail: amina-almaty.kz@mail.ru

*Автор-корреспондент

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы ТЭИ, 2025

© Сахи Ж., Каржаубаева А., 2025

Аңдатпа. *Kıpısne.* Зерттеу жұмысында Алматы қаласының жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізіміне енген тұрғын үй ғимараттарының архитектуралық, тарихи және құқықтық мәртебесі қарастырылды. *Зерттеудің мақсаты мен міндеттері:* XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында салынған тұрғын үйлерді қала келбетінің маңызды бөлігі ретінде ғана емес, белгілі тұлғалардың өмірі мен шығармашылығын таныстыратын, тарихи құндылығы бар ескерткіш үй және мәден мұра нысаны негізінде зерделеу. Зерттеу барысында 10-ға жуық баспана ғимаратын айқындау арқалы, олардың ішінде республикалық және жергілікті маңызы бар тарихи және мәдени ескерткіштер ретінде танылғандарын сараптау; сонымен қатар, осы ғимараттардың құқықтық жағынан қалай қорғалып, оларға қатысты қандай ережелер мен талаптар қолданылатындығын талдау. *Нәтижелері.* Жұмысты жүргізу барысында жергілікті деңгейде қорғалатын ғимараттар мен республикалық мәртебесі бар ескерткіштер арасында заңдық тұрғыдан да, іс жүзінде де қорғау сапасында айтарлықтай айырмашылық бары анықталды. Көптеген тұрғын үй ғимараттары бастапқы қалпын сақтай алмаған, кейбірі қайта жөндеуден өткенде тарихи ерекшеліктерін жоғалтқандығы анықталды. *Қорытынды.* Қорытынды бөлімде мұндай құнды нысандарды сақтау жолдарының бірі ретінде оларды музей кеңістігіне айналдыру ұсынылады. Бұл тәсіл қаланың тарихи жадысын сақтап, мәдени мұраны келер ұрпаққа жеткізудің тиімді жолы ретінде қарастырылады.

Түйін сөздер: Алматы қаласы, тарихи тұрғын үйлер, сәулет мұрасы, музейлендіру

Дәйексөз үшін: Сахи Ж., Каржаубаева А. Алматы қаласындағы тарихи тұрғын үйлердің қалалық мәдени кеңістікті сақтаудағы рөлі // Asian Journal “Steppe Panorama”. 2025. Т. 12. № 4. 1235–1256 бб. (Қазақш.). DOI: 10.51943/2710-3994_2025_12_4_1235-1256

РОЛЬ ИСТОРИЧЕСКИХ ЖИЛЫХ ДОМОВ ГОРОДА АЛМАТЫ В СОХРАНЕНИИ ГОРОДСКОЙ КУЛЬТУРНОЙ СРЕДЫ

Сахи Жұлдыз¹, Каржаубаева Амина^{2*}

¹Стамбульский университет Тиджарет

(д. 88/2, Сютлюдже, 34445 Бейоглы, Стамбул, Турция)

PhD, ассистент профессор

 <https://orcid.org/0000-0002-8608-7498>. E-mail: zsakhi@ticaret.edu.tr

²Казахский Национальный университет им. аль-Фараби
(д. 71, просп. аль-Фараби, Алматы, Республика Казахстан)
PhD докторант
 <https://orcid.org/0009-0009-9795-5033>. E-mail: amina-almaty.kz@mail.ru

*Автор-корреспондент

© ИИЭ имени Ч.Ч. Валиханова, 2025

© Сахи Ж., Каржаубаева А., 2025

Аннотация. *Введение.* В исследовательской работе всесторонне рассмотрены архитектурный, исторический и правовой статус жилых зданий, включённых в список памятников истории и культуры местного значения города Алматы. *Цели и задачи исследования.* Дома, построенные в конце XIX – начале XX века, являются важной частью облика города. Их изучение проводится не только как объектов жилого назначения, но и как памятников, представляющих историческую ценность и связанных с жизнью и творчеством известных личностей. В ходе исследования были определены около 10 зданий, проанализированы те, которые признаны памятниками республиканского и местного значения. Также рассмотрено, каким образом они охраняются с правовой точки зрения, какие правила и требования к ним применяются. *Результаты.* В процессе работы выявлены значительные различия в уровне защиты между памятниками республиканского и местного значения – как с правовой точки зрения, так и на практике. Многие жилые здания не сохранили свой первоначальный облик, некоторые при реконструкции утратили исторические особенности. *Заключение.* В качестве одного из путей сохранения таких ценных объектов предлагается преобразовать их в музейные пространства. Такой подход рассматривается как эффективный способ сохранить историческую память города и передать культурное наследие будущим поколениям.

Ключевые слова: Город Алматы, исторические жилые дома, архитектурное наследие, музеефикация

Для цитирования: Сахи Ж., Каржаубаева А. Роль исторических жилых домов города Алматы в сохранении городской культурной среды // Asian Journal “Steppe Panorama”. 2025. Т. 12. № 4. С. 1235–1256. (На Каз.). DOI: 10.51943/2710-3994_2025_12_4_1235-1256

Кіріспе

Алматы қаласының урбанистік дамуы оның тарихи келбетіне елеулі әсер етуде. Қала аумағында сақталған революцияға дейінгі тұрғын үй ғимараттары – бұл тек сәулет ескерткіштері емес, сонымен бірге өткен дәуірдің мәдени және әлеуметтік тарихының айқын куәсі. Қазіргі уақытта бұл ғимараттардың тағдыры әртүрлі: олардың кейбірі мемлекеттік қорғауға алынған тарихи-мәдени ескерткіш ретінде сақталса, басқалары жойылып кеткен немесе түбегейлі өзгеріске ұшыраған. Алматыдағы революцияға дейінгі тұрғын үйлердің қазіргі жағдайын зерттеу – қала тарихи жадының сақталуы мен урбанизацияның қарқыны жағдайында маңызды мәселелердің бірі. Зерттеу барысында XIX ғасырдың соңынан бастап XX ғасырдың басына дейін салынған тұрғын үй ғимараттарының архитектуралық және тарихи ерекшеліктері қарастырылып, олардың қазіргі кездегі құқықтық мәртебесі мен мәдени маңызы сараланады.

Сондай-ақ, ғимараттардың физикалық күйі, сақталу деңгейі және қорғау шараларының тиімділігі бағаланады. Қазіргі глобализация, технология заманында бұл тақырып «қала антропологиясы» тұрғысынан да өзекті, себебі Алматы қаласында тарихи ғимараттарды қорғау мен олардың қолдану аясын кеңейту мәселелері әлі де толық шешімін тапқан жоқ. Қаланың қарқынды дамуы және құрылыс жұмыстары ескерткіштердің бүтіндігін бұзуға, олардың тарихи құндылықтарын жоғалтуға алып келуі мүмкін. Осы орайда, ғимараттардың сақталуы мен қоғамдық қолжетімділігіне қол жеткізудің тиімді жолдарының бірі оларды музейлендіру.

Бұл тәсіл қаланың тарихи жадысын жандандырып, мәдени мұраны сақтау мен қайта қолданудың балама үлгісін ұсынады. Бұл жұмыс тарихи-мәдени құндылықтарды қорғау мәселелеріне назар аударып, Алматы қаласының урбанистік келбетін сақтау жолындағы өзекті проблемаларды ашуға және оларды шешу бағыттарын ұсынуға ықпал етеді.

Материалдар мен әдіс-тәсілдері

Мақаланың негізгі әдістемелік және мазмұндық негізі ретінде үш маңызды еңбек алынды. Ең алдымен, К.И. Самойловтың «Архитектура Казахстана XX века (развитие архитектурно-художественных форм)» (Самойлов, 2004) атты зерттеуі XX ғасырдағы Қазақстан сәулет өнерінің көркемдік-архитектуралық формаларының дамуын жан-жақты сараптай отырып, жалпы жұмыстың құрылымын, ұстанымдарын айқындауға мүмкіндік берді. Сонымен қатар, Алматы қаласындағы тарихи және мәдени мұраларды жүйелеп ұсынған «Свод памятников истории и культуры г. Алматы» (Свод памятников истории, 2006) жинағы материалдық мұралармен жұмыс істеу барысындағы талдаулардың негізін қалады. Ал «Исторические здания и сооружения города (Верный, Алма-Ата, Алматы). Тематический обзор документов» (Алматы қаласының мемлекеттік архиві, 2020) атты құжаттық шолу тарихи ғимараттар мен құрылыстар эволюциясын архивтік деректер негізінде нақтыласа, ҚР Орталық мемлекеттік кино-фотоқұжаттар мен дыбыс жазбалар архиві тұрғын үйлердің тарихы фотоларын зерттеудің эмпирикалық базасын толықтырды.

А.К. Капанов пен С.К. Баймағамбетовтің «Алматы: архитектура и градостроительство» (Капанов, Баймағамбетов, 1998) еңбегінде қала құрылысының негізгі кезеңдері мен сәулет ерекшеліктері сипатталған. Олар Алматының урбанистикалық дамуын кезең-кезеңімен талдап, қаланың архитектуралық бейнесінің қалыптасуына терең талдау жүргізген. М.М. Мендикуловтың «Архитектура города Алма-Аты» (Мендикулов, 1953) атты еңбегі Кеңестік кезеңдегі қала сәулетінің ерекшеліктерін талдап, сол дәуірдің урбанистикасына шолу жасайды. Қазақстанның тарихи архитектурасын сипаттаған А. Марғұлан, Т. Басенов және М. Мендикулов бірлескен еңбегі – «Архитектура Казахстана» (Марғұлан, Басенов, Мендикулов, 1959) – Алматыны ұлттық сәулет мектебінің көрнекті үлгісі ретінде қарастырады.

Алматы қаласының тарихи-мәдени дамуын зерттеу барысында бірқатар маңызды дереккөздер мен ғылыми еңбектер негізге алынды. Аталған мәселені кеңірек тарихи-мәдени контексте қарастыру үшін «Алматы тарихы» (Алматы тарихы, 2006) атты екі томдық еңбектің І-томы пайдаланылды. Мұнда Алматы мен Жетісу өңірінің тарихы ежелгі дәуірден бастап, Верный бекінісінің іргесі қаланғанға дейінгі аралықта археологиялық және жазба деректер негізінде жан-жақты талданады. Осылайша, Верный қаласының қалыптасуын тек отарлық тарих шеңберінде ғана емес, кең ауқымды өркениеттік үдерістермен байланыстыруға мүмкіндік туады.

Соңғы онжылдықтарда қала кеңістігіндегі тарихи жады мен мәдени мұра ескерткіштерінің тағдыры да зерттеу нысанында. Бұл тұрғыда Б. Сүгірбекова (Сүгірбекова, 2007: 12) «Алматыда мемлекеттік маңыздылығын жоғалтқан тарихи ескерткіштер жойылады!» атты мақаласында тарихи ғимараттардың заңдық мәртебесінен айырылып, бұзылып жатқандығы, мұның қала келбетіне және тарихи санаға кері әсері жөнінде мәселелер көтеріледі. Еңбекте Алматыдағы тарихи мұраны сақтау мен қорғау жолындағы күрделі ахуал ашық көрсетілген.

Зерттеу барысында Алматы қаласындағы революцияға дейінгі тұрғын үйлердің көпшілігі ресми мәртебесіне қарамастан урбанизация және құрылыс қысымына ұшырап отыр; бұл жағдай олардың тарихи құндылығын жоғалту қаупін тудырып, қолданыстағы заңнамалық тетіктердің толыққанды іске аспай отырғанын көрсетеді. Бұл болжамды тексеру және аталған мақсатқа жету үшін тарихи-ғылыми талдау талаптарына сай бірнеше әдіс қолданылды. Біріншіден, дереккөздерге әдеби шолу жүргізілді – бұл Алматы қаласының (Верный бекінісінің) құрылу тарихы мен архитектуралық дамуын сипаттайтын негізгі ғылыми

еңбектер мен мақалалардың мазмұнын сараптауға мүмкіндік берді. Екіншіден, архивтік құжаттар мен фотоматериалдарға мәтіндік және визуалды талдау жасалды. Бұл әдіс қаланың тарихи кеңістігін кезең-кезеңімен қалпына келтіру және деректер арасындағы сәйкестікті тексеру үшін пайдаланылды. Архивтік суреттер, сызбалар мен карталар зерттеудің эмпирикалық базасын толықтырды. Үшіншіден, салыстырмалы талдау әдісі қолданылды, яғни тарихи деректер, заманауи зерттеулер және мерзімді баспасөз материалдары негізінде Алматы қаласындағы жеті тарихи ғимаратқа сипаттама берілді. Әр ғимараттың қазіргі жағдайы, құқықтық қорғалуы мен қауіп-қатер деңгейі бағаланып, салыстырмалы қорытындылар жасалды. Жалпы алғанда, зерттеу сапасын арттыру мақсатында кешенді тәсіл негізге алынды. Әрбір дереккөздің мазмұндық, құрылымдық және идеологиялық ерекшеліктері ескеріліп, мәліметтерді тарихи контекст аясында саралау жүзеге асырылды.

Талқылау

Алматы қаласының тарихи орталығы – қала дамуының бастапқы кезеңінен бастап бүгінге дейінгі сәулеттік, әлеуметтік және мәдени өзгерістердің күрделі қабаттарын бойына жинақтаған кеңістік. Верный кезеңінде қалыптасқан қала құрылымы мен сәулеттік орта, әсіресе «Верный бекінісі» сияқты негізгі стратегиялық және әлеуметтік маңызы бар нысандар, кейінгі урбанистік дамудың өзегіне айналды. Бұл архитектуралық кешеннің жоспарлануы, құрылыс материалдары мен орналасуы XIX ғасырдың әскери-инженерлік ойының айқын көрінісі. 1854 жылы негізі қаланған Заилийское әскери укрепления (кейін Верное деп аталған) стратегиялық жағынан маңызды орынға, яғни көне керуен жолдарының тоғысқан, Кіші Алматы өзенінің бойындағы жерге орналастырылды. Бекініс аумағында казармалар, артиллериялық қоймалар, госпиталь, шіркеу, офицерлер үйлері сынды әскери инфрақұрылым нысандары салынды (Тюрин, 2021: 33). Бұл құрылымдар тянь-шаньдық шырша мен жергілікті құрылыс материалдарынан тұрғызылып, әскери архитектура үлгісінің классикалық мысалы болды (Байнатов, 2015: 43).

Алматы қаласының сәулеттік келбеті мен тарихи дамуы бірнеше кезеңдерге бөлінетінін және олардың әрқайсысы қала құрылымына өзіндік із қалдырды. Алматы қаласының сәулеттік келбеті мен құрылымдық дамуы оның тарихи, саяси және мәдени трансформацияларымен тығыз байланысты. Қала XIX ғасырда Верный әскери бекінісі ретінде пайда болып, XX ғасырдың басында Қазақстанның астанасы мәртебесін алғаннан кейін қарқынды урбанистік өзгерістерге ұшырады. Алматының сәулеттік дамуы бірнеше кезеңдерге бөліп, олардың әрқайсысы қала құрылымына өзіндік із қалдырды. 1929 жылы астана мәртебесі Қызылордадан Алматыға ауыстырылғаннан кейін, қалада қарқынды құрылыс басталды (Донченко С.А. және т.б., 2020: 50) Бұл кезеңде авангард стиліндегі маңызды ғимараттар салынды. Купец И. Габдулвалиевтің үйі (арх. А.Н. Зенков), дәрігер Фидлердің үйі, Кургановтар ағайындарының үйі және купец Радченконың үйі – бұл ғимараттар XX ғасыр басындағы Верный қаласындағы тұрмыстық архитектура үлгілерін көрсетеді. (ҚР ОМҚҚДЖА. 2–115109, 2–49528, 8–2069, 2–1151057)

Алматы қаласының сәулеттік дамуы әртүрлі стильдер мен кезеңдерді қамтиды. Қала тарихында конструктивизм, неоклассика, модернизм және қазіргі заманғы урбанизация кезеңдері айқын көрініс тапты (Труспекова, 2019: 41).

Алматы қаласындағы алғашқы тұрғын үйлер XIX ғасырдың соңында, дәлірек айтқанда, 1875 жылы қалыптаса бастады. Қонақ үй ауласының маңайында Күлджинская (қазіргі Макатаева) және Бульварная (қазіргі Пушкина) көшелері бойында алғаш рет көше-жоспарлы құрылыс жүргізіліп, шамамен 600 үй салынды. Бұл үйлердің қабырғалары сабаннан жасалып, сыртынан күйдірілген кірпішпен қапталған болатын. Мұндай қаптау олардың монументалды әрі ұзаққа шыдайтын әсер қалдыруына бағытталған. Ал бай көпестердің үйлері жеті терезесі бар кең және биік етіп салынған, кейбірінің төбесі тіпті темірмен жабылған. Үйлердің түсі, шатырының материалы мен пішіні тұрғындардың әлеуметтік мәртебесін айқындап тұрған. Бұл тұрғыда француз архитектор Пол Гурдэ әзірлеген түс концепциясы қатаң сақталған (Бейсенова, т.б., 2020: 77).



Сурет 1 – Қаланың солтүстік бөлігіндегі тұрғын үйлердің Татар мешітінен көрінісі.

И.Н. Панов, 1928–1929 жж. Сайт: pastvu.com

[Fig. 1 – View of the residential buildings in the northern part of the city from the Tatar Mosque.

I.N. Panov, 1928–1929]

И.Н. Панов түсірген фотосуретте (1928–1929) татар мешітінен қаланың солтүстік бөлігіне бағытталған панорамалық көрініс ұсынылған; аталған визуалды дерек XX ғасырдың алғашқы ширегіндегі қалалық кеңістіктің құрылымын зерттеуде маңызды. Алматының XX ғасырдың басындағы келбеті ауыл сипатты, бірақ болашағы зор қала бейнесінде дамыды. Тұрғын үй құрылысы әуелде қарапайым саман үйлерден басталып, біртіндеп күрделі архитектуралық үлгілерге ұласты. Жаңа аумақтар игеріліп, теміржол маңы мен жұмысшылар қонысы ретінде қаланың солтүстік бөлігі – Алматы-1 станциясы маңы дамыды. Мұнда Түрксіб құрылысшыларының киіз үйлері мен саманнан тұрғызылған баспаналары пайда болды. Осылайша, қарапайым халықтың тіршілігімен тығыз байланысты алғашқы тұрғын үйлер қаланың тарихи келбетінің негізін қалап, бүгінгі Алматыдағы сәулет ескерткіштерінің бастау көзіне айналды. XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында Верный қаласындағы тұрғын және әкімшілік ғимараттардың сәулеттік келбеті империялық идеология мен орталық билік символикасын айшықтап көрсетті.

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында Верный қаласындағы тұрғын құрылыс қаланың сейсмологиялық жағдайына бейімделе отырып, жаңа құрылыс әдістерін қолдану арқылы жүргізілді. Қаланың көлемдік-кеңістіктік құрылымын сақтай отырып, құрылысшыларға кірпіш пен тас материалдарын негізгі құрылыс материалы ретінде пайдалануға тыйым салынуы жаңа конструктивтік және көркемдік шешімдерді іздеуге мәжбүр етті.

Бұл үдерісте Ресей мен шетелдерде білім алған кәсіби мамандардың, соның ішінде Шалон-Марндағы Француз императорлық өнеркәсіп және өнер мектебінің түлегі П.В. Гурдэ мен Санкт-Петербургтегі Николаев инженерлік академиясының түлегі А.П. Зенковтың келуі маңызды рөл атқарды (Шейнер, 2017: 115). Олар өз тәжірибелерін Верный қаласының қоғамдық және тұрғын үйлерінің сәулеттік бейнесін қалыптастыруда қолдана білді.

Зерттеу нәтижелері

Алматы қаласының тұрғын үй архитектурасы өзінің қалыптасуында әлеуметтік, табиғи және құрылыс материалдарының қолжетімділігіне байланысты бірқатар кезеңдерді бастан кешірді. Келесі архитектуралық-тарихи талдауларда мазмұндық негіз ретінде К.И. Самойловтың еңбегі, Алматы қаласындағы тарихи ескерткіштер жинағы және архивтік шолулар пайдаланылды. XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында орын алған табиғи апаттар, әсіресе 1887 жылғы жойқын жер сілкінісі, қаланың сәулеттік келбетіне айтарлықтай өзгеріс әкелді. Бұл кезеңде сейсмотұрақты материалдарға сұраныс артты және ағаш құрылымдар негізгі құрылыс материалына айналды. Ағаштың жеңілдігі мен икемділігі оны тек шағын тұрғын үйлерге ғана емес, сонымен қатар ауқатты азаматтарға арналған ірі көлемді қалалық коттедждерге қолдануға мүмкіндік берді. Ағаш үйлердің жобаларында

материалдардың шектеулігіне қарамастан эстетикалық мәнерлілік байқалды. Қасбеттер декоративті элементтермен безендіріліп, жиі сылақ арқылы тас немесе кірпіш құрылысқа ұқсатып өңделді. Бұл тәсіл архитектуралық бейнеде классикалық элементтердің танылуына жол ашты. Имитациялық пластик элементтерді бейнелеген сылақ, капитель және пилястрлар арқылы қалалық келбеттің классикалық стильге жақындауы қамтамасыз етілді. Сонымен қатар, ықшамдалған коринф ордерінің қолданысы, мансардалы шатырлар, оюланған ағаш карниздер тұрғын үйлердің тек көркемдік қырын ғана емес, функционалды сипатын да күшейтті. Қала келбетінің архитектуралық тұтастығын белгілі сәулетшілердің жобалары қалыптастырды. Бұл тұрғыда сол кезеңдегі Г.А. Колпаковский көшесіндегі және Гоголь көшесінің бұрышындағы үй, А. Зенков жобалаған Жетісу көшесіндегі ғимарат, сондай-ақ А. Пугачевтің авторлығымен салынған құрылыстарды атап өтуге болады. Аталған нысандардың көпшілігі эстетикалық тұтастық пен тарихи сабақтастықты сақтауымен ерекшеленді.

Алматыда кірпіштен салынған, кейін сылақпен жабылып, декоративті пластика элементтерімен толықтырылған үйлер кеңінен таралды. Семипалатинск типологиясына тән үйлерде балкондарды тіреп тұрған бағаналар мен шойын қоршаулар қолданылып, қасбеттер бұрыштық эркелер мен симметриялы элементтер арқылы күрделене түсті. Бұл үйлердің жобаларында пішіндік тепе-теңдік пен классикалық стиль элементтері ұтымды үйлестірілді. Қаланың кейбір аудандарында, атап айтқанда Әуезов және Айтеке би көшелерінде орналасқан үйлер сыртқы көрінісінде қарапайымдылық пен үйлесімділікті сақтай отырып, классикалық пішіндік және декоративті элементтермен толықтырылды. Мұндай үйлердің көпшілігі төмен қабатты, симметриялы құрылыммен сипатталып, орталық акцент ретінде эркер немесе шағын балкон орналастырылды.

Революцияға дейінгі кезеңдегі тұрғын құрылысқа тән басты ерекшеліктердің бірі – дәстүрлі орыс ағаш сәулетінің тәжірибесіне қайта оралу және эклектикалық стильдің үстемдігі болды. 1897 жылы бекітілген жоба қаланың сәулеттік келбетін классицизм бағытында қалыптастыруға негіз болды. Бұл жобада орталық бөліктің екі қабатты көлеммен ерекшеленуі мен қасбеттің симметриялы шешімі классицизм элементтерінің сақталғанын көрсетеді (Шейнер, 2020: 189). Бұл стильдік бағыт сол кезеңдегі техникалық шектеулер мен қала тарихына сілтеме жасаушы сәулеттік «бағдарлама» арқылы негізделді. Бұл ретте көптеген тұрғын үйлердің сәулеттік келбеті тек функционалдық талаптарды ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік мәртебе мен эстетикалық талғамды да бейнеледі. Мысал ретінде табак фабрикасының иесі көпес А. Гавриловтың үйін алуға болады. Бұл ғимарат көрнекті сәулетші Андрей Зенковтің жобасымен тұрғызылып, алғашында Гоголь мен қазіргі Назарбаев даңғылының қиылысында орналасқан. 1973 жылы кеңістікті қайта құру жұмыстары барысында нысан бөлшектеліп, Желтоқсан көшесі, 167 мекен-жайына көшірілді (Қазақ Энциклопедиясы, 2006: 63). Бұрынғы орнына көпқабатты тұрғын үй және «Москва» дүкені тұрғызылған болатын.

Қасбеттің композициялық шешімі классикалық сәулет дәстүрлерін ұстана отырып, құрылымдық айқындықпен және формалардың симметриясымен ерекшеленеді. Сылақпен әрленген қабырғалар мен декорациялық элементтер ғимараттың стильдік тұтастығын қамтамасыз етсе, көшеге бағдарланған бас кіреберіс ағаш консольдермен көтерілген фронтон типтес шатырмен белгіленген. Бұл элемент ғимаратқа өкілдік мәртебе мен салтанатты бейне берді.

Көпес Гавриловтың үйі Алматы қаласының тарихи-мәдени мұрасы ретінде танылып, 1982 жылы 26 қаңтарда Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің № 38 қаулысымен республикалық маңызы бар тарихи және мәдени ескерткіштер тізіміне енгізілген. Алайда, 2010 жылы 10 қарашада Алматы қаласы әкімдігінің № 4/840 қаулысымен қаланың жергілікті маңызы бар тарихи және мәдени ескерткіштерінің жаңа мемлекеттік тізімі бекітілді. Бұл тізімде Гавриловтың үйі көрсетілмеген. 2014 жылы 10 қыркүйекте Алматы қалалық мәслихатының № 261 шешімімен тарихи-мәдени мұра объектілерінің қорғау аймақтарының шекаралары бекітілді. Алайда, 2022 жылы 12 қыркүйекте бұл шешімнің күші жойылды. Қазіргі уақытта

Гавриловтың үйі мемлекеттік қорғаудағы ескерткіштер тізімінде жоқ. Бұл тарихи ғимаратта жауапкершілігі шектеулі серіктестік орналасқан. Ал оның дәл жанында, Желтоқсан көшесі, 167-үй мекенжайында мейрамхана жұмыс істейді.

Көпес Шахворостовтың үйі. Сол кезеңдегі көпестердің тағы бір айқын өкілі көпес Шахворостов болды. Оның үйі 1890 жылы, белгілі архитектор Андрей Павлович Зенковтың жобасы бойынша салынған. Ғимарат барокко стиліндегі ағаш үй. Сыртқы көрінісі тас құрылысына еліктеу арқылы көркемделген, оның цоколь қабатындағы терезелерінде фигуралы, сылақпен жасалған сәндік қаптамалар (наличник) орналасқан, олардың пішіні – бір-бірімен айқасқан филёнкалар түрінде орындалған. Фасадтың бұрыштарында және ортаңғы бөліктерінде орналасқан тікбұрышты пилястралар (лопаткалар) күрделі профильді екі қабатты филёнкалармен безендірілген. Бұл филёнкалардың сыртқы жиегі аралық (межэтажный) карнизге үйлесімді түрде өтіп кетеді. Бельэтаж аймағында бұл пилястралар көлемдірек әрі бейнелі болып, үш ширек және жартылай колонналарға айналады. Олар күрделі профильді белдеулермен, сонымен қатар картуштармен (әшекейлі герб тәрізді элементтер) безендірілген капительдерімен ерекшеленеді. Архитрав пен карниздің гусек бөлігінде ұсақ, нәзік сылақ өрнектері орналасқан. Фасадтардың ортаңғы бөліктері ерекше айқын пластикамен орындалған күрделі, көпдеңгейлі фронтондармен (щипец) бөлектенген. Бұл фронтондардың ішінде колонна тәрізді элементтер кездеседі және олардың бейнесі шатыр бұрыштарында да қайталанады. Шатыр бұрыштарындағы колонналар мен фронтондар арасындағы аралықтар сәндік өрнектелген темір торлармен толтырылған. Бельэтаж деңгейіндегі терезелер ірі әрі биік, олар сандриктармен (жоғарғы қаптама) және кеңейтілген терезе тұғырымен (подоконник) жабдықталып, сәнді қаптамалармен (наличник) көркемделген. Жалпы алғанда, бұл ғимараттың сәулет композициясы – XIX ғасырдың соңындағы эклектикалық стильдің, соның ішінде Верный мектебінің (Зенков стилі) классикалық және декоративті элементтерді үйлесімді біріктіру шеберлігінің жарқын үлгісі болды.

Қазіргі таңда бұл ғимаратта АҚШ-тың Алматы қаласындағы консулдығы орналасқан. Дегенмен, дипломатиялық өкілдікке жалға берілуі кезінде сәулетшілер тарапынан сынға ұшыраған. Мамандар ішкі құрылымды қайта жоспарлау кезінде тарихи интерьер элементтерінің бұзылуы мүмкін деп алаңдаған. Соңғы жылдары ғимараттың айналасы құрылыс жабындарымен қоршалғаны байқалды. Алайда бұл процестің қандай деңгейде, қандай бақылаумен жүзеге асып жатқаны туралы ашық мәліметтер жоқ. Ғимарат 1982 жылы 26 қаңтарда Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің № 38 қаулысымен республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің Мемлекеттік тізіміне енгізілген (Қазақ КСР Министрлер Кеңесі, 1982, № 38). Бұл тізімде көрсетілген мәртебе осы күнге дейін күшінде. Алайда, Алматы қаласы әкімдігінің 2010 жылғы 10 қарашадағы № 4/840 қаулысында (яғни, жергілікті маңызы бар ескерткіштердің тізімінде) бұл ғимарат көрсетілмеген.

И. Габдулвалиевтің үйі. Верный қаласындағы көпестер арасында ағашты тас құрылысқа ұқсатып сәндеу үрдісі кең таралған болатын, әсіресе барокко стиліндегі декоративтік элементтерді қолдану арқылы. И. Габдулвалиевтің үйі де (ҚР ОМҚДЖА архивінде 2–115109 нөмерінде сақталған) жоғарыда аталған сипаттамаларға сәйкес келеді.

Исхақ Габдулвалиевтің 1909 жылы сәулетші А. Зенковтың жобасымен салынған, Төлебаев көшесі, 38 мекенжайында орналасқан екі қабатты тұрғын үйі модерн стиліндегі архитектуралық ғимарат. Ғимараттың басты және бұрыштық ризалиттер аймағында қырлы доғалар орналасқан, олардың үстінде тіктөртбұрышты алаңдар мен фигуралық өрнекті торлар бар. Ең үлкен доғаның төбесінде биік шпиль орналасқан, ал доға астында дөңгелек терезелер орналастырылған. Қабырға аралығындағы пилястрлар (жазық бағанша түріндегі сәндік элементтер) филёнкалармен (ойылып бедерленген геометриялық сәндік элементтер) әрленіп, парапеттегі мұнарашалармен (шағын мұнаралар) жалғасады, олардың үсті шатыр тәрізді жабынымен аяқталған. Ғимарат терезелері күрделі профильденген сәндік жақтаулармен қапталған, терезе астындағы сөрелер тіреуіш кронштейндерге сүйенеді. Қабаттар арасындағы аймақ филёнкалармен толықтырылған. Жоғарғы жағын кең дамыған карниз қоршайды, ол оюлы ағаш элементтермен байытылған.

Кеңес үкіметі орнағаннан кейін, бұл үй ұлттық меншікке айналып, 1928 жылы Қаржы халық комиссариатының кеңсесі ретінде пайдаланылды. Кейінірек, ғимаратта аяқ киім фабрикасы және басқа да өндірістік мекемелер орналасты. 1986 жылы ғимарат жергілікті маңызы бар тарихи және мәдени ескерткіш ретінде танылды. 2010 жылғы 10 қарашада Алматы қаласы әкімдігінің № 4/840 қаулысымен бұл мәртебе қайта расталды, ал 2014 жылы оның қорғау аймақтарының шекаралары бекітілді.

2024 жылғы 18 қазанда орын алған өрт салдарынан И. Габдулвалиевтің үйінің шатыры мен бірқатар құрылымдық элементтері зақымданды. Аталған нысан жергілікті маңызы бар тарихи және мәдени ескерткіштер тізіміне енгізілгенімен, республикалық мәртебеге ие болмағандықтан, оның реставрациясы мемлекеттік деңгейде емес, меншік иесінің бастамасымен жүзеге асырылуы тиіс. Республикалық мемлекеттік кәсіпорын «Қазреставрация» тек республикалық маңызы бар ескерткіштермен жұмыс істейтіндігін хабарлаған. Бұл жағдай XX ғасыр басындағы сәулет мұрасының сақталуына байланысты елеулі мәселелерді алға тартады.

Т. Головизиннің үйі XX ғасырдың басындағы сәулет өнерінің дамуын бейнелейтін нысандардың бірі ретінде қала кеңістігінің мәдени-тарихи мәнін арттыра түседі.

Верный қаласының құрметті азаматы, аяқ киім шеберханаларының иесі Тит Алексеевич Головизинге тиесілі үй 1908 жылы салынған. Ғимарат қазіргі Алматы қаласының Фурманов (бұрынғы Лепсинская) мен Құрманғазы (бұрынғы Артиллерийская) көшелерінің қиылысында орналасқан. Сәулет нысаны «модерн» стилінде, ағаштан тұрғызылған және тұрғын үй типіне жатады.

Үйдің композициясы асимметриялы, бұл оның бұрыштық орналасуымен түсіндіріледі. Қасбеттері ионикалық капительдері бар пилястралармен бөлінген, ал сәндік бөлшектерінде өсімдік элементтері бар бедерлі өрнек кездеседі. Бұрыштық мұнарасы мен шпильді күмбезі ғимаратқа ерекше көркемдік мән береді. Купецтік тұрмыс мәдениетінің көрінісі ретінде Головизин үйі (фотосуреті ҚР ОМҚҚДЖА 2–49580, 2–59231 нөмерінде сақталған) XX ғасыр басындағы ағаш сәулеттің маңызды үлгісі.



Сурет 2 – Головизиннің үйі (1908–1910 жж.)
[Fig. 2 – Golovizin's House (1908–1910)]

Осы кезеңнің тұрғын үй сәулетінде сейсмикалық төзімділігі басты назарда болды. Құрылыс конструкциялары ағаштан жасалып, бұрыштарда және ішкі қабырғалар түйісетін нүктелерде бөренелердің арнайы тәсілмен қиылысуымен бекітілді. Пилястрлар тек декоративтік емес, сонымен қатар конструктивтік қызмет атқарды, олар ғимараттың құрылымдық тұрақтылығын қамтамасыз етті. Бұл шешімдер ғимараттардың ұзақ сақталуына себеп болды. Фасадтық шешімдерге келсек, ғимараттардың сыртқы қабырғалары әдетте сылақпен қапталып, гипс пен ағаштан жасалған көркем элементтермен безендірілді. Терезе жиектемелері, карниздер және кіреберіс шатырлар ағаштан жасалып, көркем оюмен айықталды. Бұл элементтер, әдетте, қасбеттік беткейлермен контрастты түспен боялып, ғимараттың жалпы келбетіне көркемдік әсер берді. Алматы қаласындағы Фурманов көшесінде орналасқан.

Мұнаның бельэтаж деңгейінде эркер (фасадтан шығыңқы элемент) қалыптасқан. Күмбездің астында доғал пішінді фронтонмен өрнектелген карниз орналасқан, ал оның тимпан бөліктерінде медальондар мен олардан төмен қарай түсетін гүлшоғырлар бейнеленген. Мұнара барабанына толқынды пішін беретін карниз диагональ осіндегі медальонға көтеріліп тұрады. Ғимараттың сәндік шешімдерінің бірі – молынан шығарылған, сирек орналасқан кронштейндермен (тірек элементтермен) көмкерілген қорытынды карниз. Фасадтардың орталық бөліктері толық ионикалық ордер стиліндегі үшширек колонналармен ерекшеленеді. Бұл колонналардың капительдері төрт жағынан да өрнектелген, ал валюта бөліктерінде гүлшоғырлар бейнеленген. Фурманов көшесіне қараған фасадта екі үшширек колонна үстінде үш бөліктен тұратын архитрав орналасқан, ал карниз бұл жерде айқын бөлініп көрсетілген. Құрманғазы көшесіне қараған жақта төрт колонна үстінде екі деңгейлі аттик орналасқан, оның ортасында дөңгелек терезе мен астына орналасқан гүлшоғыр бар. Ғимарат терезелері жоғары, тікбұрышты болып келген, олардың сыртқы жиектері архивольттармен (доға тәрізді әшекейлі жиекпен) және көркем кілт тастармен көмкерілген. Құрманғазы көшесіне қараған үш терезе аркалық ойықтар ішінде орналасқан. Бұл архивольттардың кілт тастарына картуштар (өрнекті медальондар), ал сандрикттеріне (терезе үстіндегі сәндік элементтер) күрделі пішін берілген. Терезе астыңғы бөліктері көркем кронштейндермен байланысқан жалпақ сәндік белдеумен біріктірілген. Эркер, аттик және бұрыштық парапет фриздерінде дамытылған картуштар орналастырылған. Бұл элементтер ғимараттың эстетикалық келбетін толықтырып, оны сол дәуір сәулетінің көрнекті үлгісіне айналдырды.

1918 жылы ғимарат ұлттық меншікке айналып, 1920 жылдары ғимаратта 2-ші балалар емханасы, одан соң балабақша және тұрғын үй орналасты. Кейінірек, Фурманов көшесі жағындағы кіреберіс алынып тасталып, оның орнына терезе орнатылған. Сондай-ақ, ғимараттың кейбір декоративтік элементтері жойылып, алдымен көгілдір, кейін жасыл түске боялды. 1946–1951 жылдары мұнда Жұмабай Шаяхметов, ал 1955–1956 жылдары Леонид Брежнев тұрған. Қазіргі уақытта ғимарат «Госрезиденция № 4» ретінде белгілі.

Қазіргі таңда ғимарат мемлекет қорғауында, Головизиннің үйі алғаш рет 1979 жылғы 4 сәуірде Алматы қалалық атқару комитетінің № 139 шешімімен тарихи және мәдени ескерткіштер тізіміне енгізілді. Кейінірек, 1982 жылғы 26 қаңтарда Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің № 38 қаулысымен республикалық маңызы бар ескерткіш мәртебесі берілді. Бұл мәртебе 2020 жылғы 14 сәуірдегі ҚР Мәдениет және спорт министрінің № 88 бұйрығымен бекітілген жаңартылған тізімде де сақталған.

Кургановтар отбасының тұрғын үйі (фотосуреті ҚР ОМҚҚДЖА архивте 8–2069 нөмерінде сақталған) Алматы қаласының тарихи-мәдени мұрасының бірегей, бірақ өкінішке орай жойылған үлгілерінің бірі. Бұл ғимарат XX ғасырдың басында, шамамен 1900 жылдары, қазіргі Пушкин мен Кабанбай батыр көшелерінің қиылысында орналасқан. Сәулеттік тұрғыдан алғанда, үйдің ерекшелігі биік шпильді мұнаралары, дамыған карнизі, пилястрлары және дөңгелек терезелерімен ерекшеленетін луковица тәрізді фронтондары болды. Мұндай күрделі құрылымдар тек ауқатты отбасылардың ғана қолынан келетін, бұл Кургановтардың қаланың бай әрі ықпалды тұрғындары болғанын көрсетеді. Ғимарат 1960-жылдардың екінші жартысында бұзылып, оның орнына қазіргі уақытта көпқабатты тұрғын үй салынған. Сол кездегі қала құрылысы саясаты тарихи ғимараттарды сақтау мәселесіне жеткілікті көңіл бөлмеген. Қазіргі уақытта бұл үйдің фотосуреттері сирек кездеседі, сондықтан оның бейнесі көпшілікке беймәлім болып отыр. Кургановтардың үйі ешқашан ресми түрде тарихи-мәдени ескерткіштер тізіміне енгізілмеген, сондықтан ол мемлекеттік қорғауға алынбаған. Бұл жағдай Алматы қаласындағы көптеген тарихи ғимараттардың тағдырына ұқсас, олар уақытында қорғауға алынбағандықтан, қазіргі заманғы құрылысқа орын босату үшін жойылған.

Зенковтар үйі Алматы қаласындағы XIX ғасырдың соңының сәулеттік ерекшеліктерін сақтап қалған бір қабатты ағаш тұрғын үй. Бұл ғимарат алғашында 1880 жылдардың соңында салынған және белгілі купец И.Д. Лутмановтың меншігінде болған. 1887 жылғы апатты жер сілкінісі салдарынан Зенковтар отбасының бұрынғы үйі қирап қалған соң, 1888 жылдың қазан

айында Верный қаласының қалалық басшысы Павел Матвеевич Зенков осы үйді сатып алып, отбасымен осында қоныстанды. Ғимарат бөренелерден қиылып, тастан қаланған іргетасқа тұрғызылған. Сыртқы қабырғалары сыланған және әктелген, ал терезе жақтаулары ағаштан жасалған, ою-өрнекті сәндік элементтерімен ерекшеленеді. Қасбеттік терезелердің үстіңгі бөліктері сандриктармен көмкеріліп, пилястрлар мен рустовкалар арқылы композициялық сән берілген. Үйдің ішкі жоспарлануы дәліздік типте орындалып, екі жақты бөлме орналасуы сақталған. Бұл құрылым XIX ғасыр соңындағы Верный қаласының қарапайым тұрғын үй құрылысына тән үлгіні көрсетеді. Зенковтар сәулетшілерінің үйі (ҚР ОМҚҚДЖА архивінде 2–115119/ ч. 11212/ нөмерінде сақталған) жоғарыда аталған сипаттамаларға сәйкес келеді.

1979 жылы Алматы қаласының тарихи және мәдени ескерткіштері тізіміне енгізіліп, ал, 1982 жылы Қазақ КСР-інің республикалық маңызы бар тарихи және мәдени ескерткіші мәртебесі берілді.



Сурет 3 – Зенковтар сәулетшілерінің үйі. XX ғ. басы. (ҚР ОМҚҚДЖА. 2–115119)
[Fig. 3 – The House of the Zenkov Architects, early 20th century (CSACPhDAR RK. 2–115119)]



Сурет 4 – Зенковтар сәулетшілер үйінің қазіргі бейнесі
[Fig. 4 – The current appearance of the Zenkov Architects' House]

Аталған шешімдерге сәйкес, оны қорғау міндеттеліп, реставрация жобаларын әзірлеу жоспарланғанымен, толық көлемде жүзе асырылғаны туралы нақты дерек жоқ. Соған қарамастан, ғимарат бүгінгі күнге дейін сақталып, қазіргі таңда Алматы қаласының Жедел жәрдем станциясы ретінде қызмет етеді. Ол тек тарихи ғана емес, әлеуметтік-функционалдық мәнін де сақтап отыр.

Көпес Радченконың үйі Алматы қаласындағы XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы Верный кезеңінің архитектуралық үлгілерінің бірі. Бұл үй XX ғасырдың басында Верный қаласының ауқатты тұрғыны, көпес Радченконың тапсырысымен салынған. Алғашында тұрғын үй ретінде пайдаланылған бұл ғимаратты кейінірек Верный қалалық думасы сатып алған. 1910 жылдан бастап ғимаратта Верный телеграфы, кейін Алма-Ата телеграфы орналасты. Кеңес өкіметі орнағаннан кейін де нысан телекоммуникациялық қызметтің орталығы ретінде пайдаланылып, қаланың инфрақұрылымдық дамуына үлес қосты. Кеңес дәуіріндегі мәліметтерге сүйенсек, бұл ғимаратта Алма-Ата қаласындағы алғашқы пошта-телеграф бөлімшелерінің бірі орналасқан. Кейінгі кезеңде, Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін, ғимаратта Пәкістан елінің Алматыдағы елшілігі орналасқан. Астана қаласы астана мәртебесін алғаннан кейін елшілік жаңа астанаға көшірілді. Осыдан кейін ғимаратта әртүрлі ұйымдар, соның ішінде ТОО «Гео Центр Информ» қызмет атқарды. 2014 жылғы мәліметтерге сәйкес, ғимаратта мектепке дейінгі білім беру мекемесі – балабақша орналасқан.

Сәулет жағынан алғанда, Радченко үйі Верный қаласындағы көпестік тұрғын құрылыстың жарқын үлгісі. Екі қабатты, тікбұрышты жоспардағы бұл құрылыс төменгі кірпіштен қаланған цокольға орналасқан. Бірінші қабаттың қабырғалары – кірпіштен, ал екінші қабаты – ағаштан салынып, сыланған және әктелген. Ғимараттың басты кіреберісі шағын шатырмен ерекшеленеді. Фасадының композициялық құрылымында терезе ойықтарының көлденең ырғақтылығы мен тік ағаш лопаткалардың үйлесімі байқалады. Ғимараттың айналасын бедерлі карниз қоршап тұрады.

4 сәуір 1979 жылы Алма-Ата қалалық халық депутаттары Кеңесінің атқару комитеті № 139 «Алма-Ата қаласының тарих және мәдениет ескерткіштерінің тізімін бекіту туралы» шешім қабылдады. Аталған тізімге 77 нысан енгізілді. Осы шешім арқылы нысандарға қорғау міндеттемесін рәсімдеу және оларды реставрациялау жобаларын әзірлеу тапсырылған. Сол тізімге Радченконың тұрғын үйі де енгізіліп, ресми түрде тарихи-мәдени ескерткіш мәртебесін иеленді. 2010 жылы Алматы қаласының жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің жаңа мемлекеттік тізімі бекітіліп, бұрынғы шешімдердің күші жойылды. Осы жаңа құжатта да Радченко үйі жергілікті маңызы бар ескерткіш ретінде сақталды. 2014 жылы нысанның қорғау аймағының шекаралары бекітілді.

Қазіргі уақытта Алматы қаласындағы Радченко үйі психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті ретінде пайдаланылып отыр. Ғимарат сыртқы келбетін жалпы сақтағанымен, қабырғалар боялып, бөлмелер қайта ұйымдастырылды. Бұл өзгерістердің тарихи-архитектуралық құндылыққа әсер ету деңгейі белгісіз, себебі күрделі ғылыми-реставрациялық жұмыстар жөнінде ресми ақпарат жоқ.

Л.И. Фидлердің үйі (фотосуреті ҚР ОМҚҚДЖА архивінде 2–49528 нөмерінде сақталған) XIX ғасырдың соңында Верный қаласында салынған бір қабатты ағаш құрылыс үлгісіндегі тұрғын үй. Ғимарат қазіргі Алматы қаласының Қазыбек би және Маметова көшелерінің қиылысында орналасқан, бұл тарихи орталықтың маңызды нүктесі болып табылады. Архив деректері бойынша (Қазақстан Республикасының Орталық Мемлекеттік Архиві, Ф. 116, оп. 2, іс 23), бұл үй дәрігер Фидлердің жеке меншігінде болған және ол медициналық қызметпен қатар тұрмыстық мақсатта да пайдаланылған. Құжаттарда көрсетілгендей, Фидлердің усадебасы Малая Алматинка өзенінің үстіндегі «жоғарғы бақтық» ауданында орналасқан. Ғимараттың сәулеттік ерекшеліктері мен тарихи қызметі туралы зерттеулерді Алматы қаласының мәдениет және мұрағат басқармасының мамандары, сондай-ақ Қазақстанның сәулет тарихшылары жүргізген (Айдаров, 2005; Жұмабекова, 2018). 1993 жылдан бастап ғимаратқа бірнеше рет жөндеу жүргізілгенімен, оның тарихи келбеті толық сақталмаған.



Сурет 5 – Л.И. Фидлердің үйінің сыртқы көрінісі. 1910 жыл. (ҚР ОМҚҚДЖА. 2–49528)
[Fig. 5 – The House of the L.I.Fidler, 1910 year (CSACPhDAR RK. 2–49528)]

Бұл ғимарат XIX ғасырдың соңында салынып, сол дәуірдің қарапайым, бірақ үйлесімді сәулеттік үлгісін сақтап қалған. Ғимараттың ерекше белгісі оның сыртқы ағаш ставнялары мен қызыл шатыр. Бұл ғимараттың тарихи маңызы бірнеше себептермен түсіндіріледі. Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясының төртінші томында көркем шығарманың сюжетінде айтылады. Романда Абайдың ұлы Кунанбаев Абдирахман (Әбіш) Петербургтегі Михайлов әскери училищесін бітіргеннен кейін Верный қаласында қызмет етеді. Сол кезде Фидлердің үйі және оның клиникасы оқиға желісінің орталық нүктесі ретінде көрініс табады. Сонымен бірге, бұл үй кеңестік кезеңде Республикадағы алғашқы офтальмологиялық институттың және медициналық оқу орындарының бірі ретінде қызмет еткен, сондықтан оның тарихи және мәдени маңызы ерекше.

Қорыта келе, 1890–1917 жылдар аралығындағы Верный қаласының тұрғын үй архитектурасы бұл бір жағынан Ресей империясының саяси және мәдени ықпалының, екінші жағынан жергілікті материалдар мен дәстүрлердің, табиғи-климаттық жағдайлардың және сейсмологиялық ерекшеліктердің ықпалдасуының көрінісі. Бұл архитектурада бейімделу мен сәйкестену, отарлық стратегия мен аймақтық ерекшеліктің тоғысуы байқалады. Сондықтан бұл кезеңнің тұрғын үйлерін тек құрылыс нысандары ретінде емес, тарихи-мәдени құбылыс ретінде де қарастыру қажет. Олар архитектуралық жадын қалыптастырады, әрі бүгінгі Алматының мәдени ландшафтының түп негізін құрайды.

Қорғалу статусына келетін болсақ, Верный қаласының тарихи тұрғын үйлерінің архитектуралық мұрасын сақтау олардың заңнамалық мәртебесіне тікелей байланысты.

Кесте 1. Алматы қаласының республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштері тізімінің қала құрылысы және сәулет тобындағы тұрғын үйлер
[Table 1. Residential buildings within the urban planning and architecture category in the list of historical and cultural monuments of national significance in Almaty]

№	Ғимарат атауы	Салынған жылы	Мекенжайы	Архитектуралық стиль мен сипаттама	Қазіргі жағдайы	Заңмен қорғалуы
1	М.О. Әуезовтың әдеби-мемориалдық музей-үйі	1951 жылы салынған 1963 жыл музей-үйі ашылды	Төлебаев көшесі, 185	Екі қабатты кірпіштен салынған қатаң геометриялық стиль сәулетші Г.Г. Герасимов, әкімшілік ғимарат	Мемориалдық музей	1982 ж. республикалық тізімде болды, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 10 маусымдағы № 426 қаулысымен Республикалық маңызы бар Тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізімінде

2	Көпес А. Гаврилов-тың үйі	XIX ғ. Соңы	Бастапқыда: Гоголь мен Назарбаев даңғылы, қазір: Желтоқсан, 167	Классикалық стиль, екі қабатты, симметриялы, сылақталған, фронтон шатырымен безендірілген	Жеке меншікте, орнында көпқабатты үй мен дүкен, кеңістіктік өзгерістер болды	1982 ж. республикалық тізімде болды, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 10 маусымдағы № 426 қаулысымен Республикалық маңызы бар Тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізімінде
3	Құрметті азамат Тит Головизиннің үйі	1908	Фурманов пен Құрманғазы көшелері	Ағаш, модерн стилі, асимметрия, бұрыштық мұнара, шпиль, капительдер, өрнектер	«Госрезиденция № 4», декоративтік элементтер өзгертілген	1979, 1982, 2020 жж. шешімдермен тарихи ескерткіш ретінде танылған, 2010 ж., Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 10 маусымдағы № 426 қаулысымен Республикалық маңызы бар Тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізімінде
4	Көпес Г. Шахворостовтың үйі,	1890 жыл	Н. Назарбаев даңғылы, 99	Барокко стиліндегі ағаш үй. Сыртқы көрінісі тас құрылысына еліктеу арқылы көркемделген. Сәулетші А.П. Зенков	Қазақстан Республикасындағы Америка Құрама Штаттарының консулдық ғимараты,	1982 ж. республикалық тізімде болды, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 10 маусымдағы № 426 қаулысымен Республикалық маңызы бар Тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізімінде
5	Архитектор Зенковтар үйі	1880-жылдар соңы, 1888 ж.	Казыбек би 115/1	Бір қабатты ағаш үй, бөрене, әктелген, терезе оюлары, дәліздік жоспар	Сақталған, жедел жәрдем станциясы ретінде қызмет етеді	1979, 1982 жж. Республикалық тізімде енгізілген, реставрация жоспарланған. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 10 маусымдағы № 426 қаулысымен Республикалық маңызы бар Тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізімінде
6	Ахмет Байтұрсынұлының музей-үйі	1917 жыл	Байтұрсынұлы көшесі, 60	Функционалды тұрмыстық сипатта салынған екі қабатты тұрғын үй	музей-үй	1992 жылғы 18 қыркүйектегі № 413 шешім негізінде Алматы қаласының жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізімінде. ҚР Мәдениет және ақпарат министрінің 2025 жылғы 11 шілдедегі № 318-НҚ бұйрығымен Республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізімін

Кестеде келтірілген тарихи үйлердің мемлекеттік және жергілікті деңгейдегі қорғалуы олардың тарихи-мәдени маңыздылығы мен заңнамалық мәртебесіне байланысты. Республикалық маңызы бар ескерткіштерге (мысалы, Көпес А. Гавриловтың үйі, Тит Головизиннің үйі, Зенковтар үйі) мемлекет деңгейінде жоғары қорғау қолданылады, бұл олардың тарихи құндылығын сақтау, қалпына келтіру және тұрақты мониторинг жүргізуді қамтамасыз етеді. Мұндай нысандардың сақталуына жауапкершілік ұлттық деңгейде бекітіліп, олар мемлекеттік бюджеттің қолдауымен реставрацияланады және ғылыми-тарихи тұрғыдан зерттеледі. Ал жергілікті маңызы бар ескерткіштер (мысалы, Ғабдулвалиевтің үйі, Купец Радченконың үйі, Л.И. Фидлердің үйі) аймақтық деңгейде қорғалатын нысандар және олардың қорғауы мен пайдалану шарттары көбіне жергілікті билік пен ресурстарға тәуелді. Жергілікті деңгейдегі қорғаныс республикалық деңгейге қарағанда әлдеқайда шектеулі болуы мүмкін, реставрация жұмыстары мен бақылау жиі толық көлемде жүргізілмейді, бұл олардың тарихи мәнін ұзақ мерзімде сақтау мүмкіндігін төмендетеді. Сонымен қатар, кейбір тарихи ғимараттар (мысалы, Кургановтар отбасының үйі) мүлдем қорғалмай, жойылған, бұл тарихи мұраның жоғалу қаупін көрсетеді. Осылайша, республикалық деңгейдегі қорғаныс тарихи нысандарды жүйелі түрде сақтау мен ғылыми негіздеуді қамтамасыз етсе, жергілікті деңгейдегі қорғау көбінесе аймақтық маңызға ие, бірақ ресурстық және ұйымдастырушылық жағынан әлсіз.

Кесте 1. Алматы қаласының жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізіміндегі тұрғын үйлер
[Table 1. Residential buildings listed in the State register of historical and cultural monuments of local significance in Almaty]

№	Ғимарат атауы	Салынған жылы	Мекен-жайы	Қазіргі жағдайы	Заңмен қорғалуы
1	Көпес Ғабдулвалиевтің үйі	XX ғ. Басы	Төлебаев көшесі, 38	Тарихи ескерткіш ретінде сақталған	1979, 2010 жж. шешімдермен тарихи ескерткіш ретінде танылған, 2021 жылғы 17 наурыздағы № 1/191 қаулысы. Алматы қаласы Әділет департаментінде 2021 жылғы 19 наурызда № 1693 Алматы қаласының жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізімінде
2	Бұрынғы Верный обсерваториясы, Бредихин астрографы академик Г.А.Титовтың үйі және мұнарасы	1915 жыл	Амангелді к-сі, 89,	Алматы облысының қоршаған ортаны қорғау басқармасының өкілдігі	2014 жж. тізімдерде жергілікті маңызы бар ескерткіш ретінде белгіленген. 2021 жылғы 19 наурызда № 1693 Алматы қаласының жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізімінде
3	Көпес Радченконың үйі	Шамамен 1900 ж.	Төлебаев к-сі, 25	Қазіргі таңда – психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті	1979, 2010, 2014 жж. тізімдерде жергілікті маңызы бар ескерткіш ретінде белгіленген. 2021 жылғы 17 наурыздағы № 1/191 қаулысы. Алматы қаласы Әділет департаментінде 2021 жылғы 19 наурызда № 1693 Алматы қаласының жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізімінде

4	Дәрігер Л.И. Фидлердің үйі	XIX ғ. соңы (1880–1890 жж.)	Қазыбек би мен Мәметова көшелері	Бірнеше рет жөнделген, тарихи келбеті толық сақталмаған	1979, 2010, 2014 жж. тізімдерде жергілікті маңызы бар ескерткіш ретінде белгіленген. 2021 жылғы 17 наурыздағы № 1/191 қаулысы. Алматы қаласы Әділет департаментінде 2021 жылғы 19 наурызда № 1693 Алматы қаласының жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізімінде
5	Ғалым-ағаш өсіруші Э.О. Баумның бұрынғы үйі	1889 жыл	Амангелді к-сі, 68 а	Астана ДҚҚБ	1979, 2010, 2014 жж. тізімдерде жергілікті маңызы бар ескерткіш ретінде белгіленген. 2021 жылғы 17 наурыздағы № 1/191 қаулысы. Алматы қаласы Әділет департаментінде 2021 жылғы 19 наурызда № 1693 Алматы қаласының жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізімінде
6	Ғалым, көрнекті мемлекет қайраткері, профессор С.Д. Асфендияровтың үйі	XX ғасырдың 30-жылдарының басы	Төле би к-сі, 29 Пушкин к-сі қиылысы	Қазақстан Республикасы н-дағы Түрік елшілігі	2021 жылғы 17 наурыздағы № 1/191 қаулысы. Алматы қаласы Әділет департаментінде 2021 жылғы 19 наурызда № 1693 Алматы қаласының жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізімінде
7	Бағбан Татариновтың бұрынғы үйі, санитарлық-эпидемиологиялық станция	XIX ғ. Соңы	Сейфуллин даңғылы, 551 (Бөгенбай батыр к-сі, 154)	Спорт жетістіктері музей	2021 жылғы 17 наурыздағы № 1/191 қаулысы. Алматы қаласы Әділет департаментінде 2021 жылғы 19 наурызда № 1693 Алматы қаласының жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізімінде
8	Көпес И. Габдулвалиевтің бұрынғы үйі	1909	Төлебаев к-сі, 38	«ГЦИ» ЖШС	2010, 2014 жж. тізімдерде жергілікті маңызы бар ескерткіш ретінде белгіленген. 2021 жылғы 17 наурыздағы № 1/191 қаулысы. Алматы қаласы Әділет департаментінде 2021 жылғы 19 наурызда № 1693 Алматы қаласының жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізімінде
9	Филипповтың бұрынғы үйі	XX ғ. басы	Мақатаев к-сі, 20	«Қазқайтажаңғырту» РМК-нің ҒЗЖФ	2010, 2014 жж. тізімдерде жергілікті маңызы бар ескерткіш ретінде белгіленген. 2021 жылғы 17 наурыздағы № 1/191 қаулысы. Алматы қаласы Әділет департаментінде 2021 жылғы 19 наурызда № 1693 Алматы қаласының жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізімінде
10	Верный қаласының ақсақалы С.А. Сейдалиновтің үйі	XIX ғ. Соңы	Панфилов к-сі, 99	Д.А. Қонаев атындағы Халықаралық қордың ғимараты сонымен қатар жеке кәсіпкерлердің пайдалануында	2010, 2014 жж. тізімдерде жергілікті маңызы бар ескерткіш ретінде белгіленген. 2021 жылғы 17 наурыздағы № 1/191 қаулысы. Алматы қаласы Әділет департаментінде 2021 жылғы 19 наурызда № 1693 Алматы қаласының жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізімінде

11	Ағайынды Бреусовтардың тұрғын үйі	XX ғ. басы	Әйтеке би к-сі, 27	«Казэкология» ЖШС	2010, 2014 жж. тізімдерде жергілікті маңызы бар ескерткіш ретінде белгіленген. 2021 жылғы 17 наурыздағы № 1/191 қаулысы. Алматы қаласы Әділет департаментінде 2021 жылғы 19 наурызда № 1693 Алматы қаласының жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізімінде
12	Жазушы С. Мұқановтың бұрынғы музей-пәтері	1976 жыл	Төлебаев к-сі, 125, 129 пәтер	С. Мұқанов пен Ғ. Мүсіреповтің Мемлекеттік әдеби- мемориалдық музей-кешені	2010, 2014 жж. тізімдерде жергілікті маңызы бар ескерткіш ретінде белгіленген. 2021 жылғы 17 наурыздағы № 1/191 қаулысы. Алматы қаласы Әділет департаментінде 2021 жылғы 19 наурызда № 1693 Алматы қаласының жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізімінде

Республикалық және жергілікті қорғаудағы тарихи тұрғын үйлерді музейлендіру олардың мәдени және тарихи құндылықтарын сақтаудың маңызды тәсілдерінің бірі. Мұндай үйлер архитектуралық тұрғыдан тарихи жадыны сақтау мен ұрпаққа рухани сабақ беру функциясын атқаратын мәдени институттарға айналады. Бұл үрдіс, әсіресе Алматы қаласында айқын байқалады, мұнда XX ғасырда өмір сүрген көрнекті қоғам қайраткерлерінің мемориалдық музей-үйлері жүйелі түрде құрылған.

Мәселен, Мұхтар Әуезовтің музей-үйі алғаш рет Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің 1982 жылғы 26 қаңтардағы № 38 қаулысымен республикалық маңызы бар тарихи және мәдени ескерткіштер тізіміне енгізілген. Ал 2025 жылғы 11 шілдеде Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің № 318-НҚ бұйрығымен бұл нысан қайтадан республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізіміне енгізіліп, оның жалпыұлттық деңгейдегі тарихи құндылығы заңды түрде нақты айқындалды (Алматы қаласының жергілікті, 2021).

Ахмет Байтұрсынұлының музей-үйі де заңнамалық тұрғыдан маңызды өзгерістерге ұшырады. Ол 2019 жылғы 30 мамырда Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің № 156 бұйрығымен тарихи және мәдени ескерткіш ретінде тізімге алынып, бұл шешім 2019 жылғы 31 мамырда ҚР Әділет министрлігінде № 18756 болып тіркелді. Бұл нысан да 2025 жылғы жаңа тізімге сәйкес республикалық маңызы бар ескерткіштер санатына енгізілді (Алматы қаласының жергілікті, 2021).

Сәбит Мұқанов пен Ғабит Мүсіреповтің әдеби-мемориалдық музей кешені алғаш рет 2010 жылғы 10 қарашада Алматы қаласы әкімдігінің № 4/840 қаулысымен жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіші ретінде танылған. Бұл мәртебе 2021 жылғы 17 наурыздағы № 1/191 қаулымен бекітілген Алматы қаласының жаңартылған ескерткіштер тізімінде де сақталды, соның негізінде аталған кешен қалалық деңгейдегі қорғау нысанына айналды (Алматы қаласының жергілікті, 2010).

Ал Дінмұхамед Қонаевтың музей-үйінің құқықтық мәртебесі өзгеше. Қазіргі таңда бұл нысан ешбір мемлекеттік қорғау тізіміне енгізілмеген және тарихи немесе мәдени ескерткіш ретінде ресми танылмаған. Ол Алматы музей бірлестігінің қарамағында болғанымен, нысанға қатысты арнайы қорғау немесе құрылыс реттеу аймақтары белгіленбеген. Бұл жайт оның болашақта құрылымдық өзгерістерге немесе жекешелендіруге ұшырау қаупін тудырады, сондай-ақ заңдық тұрғыда жеткілікті қорғалмауына себеп болады.

Осы орайда, музейлендірілген үйлердің құқықтық мәртебесіне назар аудару өзекті. Мысал ретінде республикалық маңызы бар тарихи ескерткіш ретінде танылған Мұхтар Әуезов музей-үйі мен қазіргі уақытта мемлекеттік қорғау тізіміне енген Дінмұхамед Қонаев музей-үйін салыстыра отырып қарастыру музейлендірудің артықшылықтары мен шектеулерін нақты айқындауға мүмкіндік береді.

Мазмұндық және технологиялық жағынан алғанда, бұл екі музейдің де трансформациясы қазіргі заман талаптарына сай жүзеге асырылып отыр. Екеуінде де QR-код жүйелері енгізілген, бейнеэкскурсиялар ұйымдастырылған, мультимедиялық экспозициялар мен цифрлық құралдар арқылы келушілерге ақпарат беру жүйесі жолға қойылған. Сәулеттік тұрғыдан да музей кеңістіктері жаңартылып, тарихи-педагогикалық орта ретінде құрылымдалған. Осы сипаттары арқылы олардың техникалық және мазмұндық мүмкіндіктерін тең дәрежеде деп бағалауға болады. Дегенмен, олардың мақсатты аудиториясы мен қоғамдағы орны біршама ерекшеленеді. Қонаев музей-үйі ішкі аудиторияға, әсіресе қазақстандық жастар мен мемлекеттік қызметкерлерге бағытталған, саяси көшбасшылық пен тарихи сабақтастықты насихаттауға бейімделген (Алматы қаласы музейлер, 2023: 144–207). Бұл музей әлеуметтік желілерде белсенділік танытып, келушілердің тұрақты легін қалыптастырған. Ал, Мұхтар Әуезов музейі халықаралық деңгейде танылып отыр. Әуезовтің шығармалары 50-ден астам тілге аударылып, оның мұрасы UNESCO секілді халықаралық ұйымдармен бірлескен жобалар арқылы насихатталуда. Музейдің бастамалары шетелдік ғылыми және мәдени мекемелермен тығыз байланыста жүзеге асып, оны қазақ әдебиетін жаһандық деңгейде танытатын мәдени институтқа айналдырды.

Музейге айналған тұрғын үйлердің әлемдік музейтану ғылымында зерттеу нысанында болуы, оның музей типінің маңызды бағыты екенін дәлелдейді сонымен қатар, мәдени мұраны тұлғалар арқалы насихаттайды. Бүгінде тұрғын үйлерді музейлендіру бойынша жүргізілген шет елдік зерттеушілердің бірі Дж.Пинна тарихи тұрғын үйлерге «көпшілік қауымға есігі ашық және онда тұрған адамдар пайдаланған тұрмыстық заттар мен коллекциялар алғашқы қалпында сақталып, қайта құрылмаған» деген тұжырымға келсе, П. Уокермен Т. Грэм: «тарихи тұрғын үйлер музейге айналған ғимарат болған кезде ғана сақталады» деген пікірде. Л. Янг «жеке тұрмыстық кеңістік» терминін қалыптастырады және музей-үйі, үйден мәдени орынған айналу үшін тұрғын үй сияқты әртүрлі типтерден іріктеліп алынатындығын айтады (Сахи, Каржаубаева, 2025).

Музейлендірілген кеңістік тұлғалық жадыны сақтап қана қоймай, келушіге ой салатын, оның тарихи санасын қалыптастыратын белсенді мәдени ортаға айналады. Бұл мәселе, әсіресе, «Алматы қаласы тарихы музейі» экспозициясында ерекше өзектілікке ие. Қалада тұрғын үйлерді музейлеудің тағы бір үлгісі ретінде аталған музей үйлерде XX ғасырдың бірінші жартысына тән қалалық пәтер және үй интерьерінің реконструкцияланған экспозициясын атауға болады (Алматы қаласы музейлер, 2023: 144–207). Бұл экспозицияда сол кезеңдегі қалалық тұрғындардың тұрмыстық кеңістігі шынайы заттар, интерьер элементтері және инсталляциялық тәсілдер арқылы ұсынылып, қалалық жадыны визуалды және кеңістіктік деңгейде сезінуге жағдай жасалған. Мұндай тәсілдер тұрғын үйлерді музейлеудің әлеуетін арттырып, мәдени мұраны көпшілікке қолжетімді етуге септігін тигізеді. Тұрғын үйлерді музейлендіру үдерісін тиімді жүзеге асыру үшін кешенді институционалдық және ұйымдастырушылық механизмдер қажет.



Сурет 6 – Үй интерьерін экспозициялау. Алматы қаласы тарихы музейі. 4-экспозициялық зал.
(Сайт: almatymuseums.kz/kz)

[Fig. 6 – Exhibition of residential interior. Museum of the history of Almaty. Hall 4]

Ең алдымен, бұл салада жергілікті атқарушы органдардың (әкімдіктердің) рөлі ерекше. Қазақстан Республикасының «Мәдениет туралы» Заңы мен «Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы» Заңына сәйкес, тарихи-мәдени ескерткіштерді анықтау, тіркеу және олардың мәртебесін бекіту жөніндегі бастамаларды жергілікті атқарушы органдар ұсына алады. Сонымен қатар, әкімдіктер тиісті құжаттамаларды дайындап, объектіні тарихи және мәдени құндылық ретінде тану үшін республикалық уәкілетті органға ұсынады. Бұл ретте әкімдіктердің мәдени жоспарлау және қалалық даму стратегиясымен сәйкестендірілген шешімдері маңызды негіз болады.

Музейлендіру процесінің табысты болуы қаржылық қамтамасыз етілуіне де тікелей байланысты. Қазақстанда бұл салаға бөлінетін қаражат көбіне мемлекеттік немесе жергілікті бюджеттен қарастырылады. Алайда бюджеттік шектеулер жағдайында мемлекеттік-жекеменшік әріптестік тетіктерін енгізу, меценаттық қолдаулар мен қайырымдылық қорлары арқылы қосымша ресурстар тарту — халықаралық тәжірибеде де кеңінен қолданылатын тәсілдер. Мысалы, ЮНЕСКО ұсынып отырған «көпсекторлы қатысу» моделі бойынша мәдени мұра нысандарын сақтау мен оларды қайта жандандыру үшін жергілікті басқару, бизнес-қоғамдастық және азаматтық сектор арасындағы серіктестік шешуші мәнге ие

Демек, тұрғын үйлерді музейлендірудің табысты жүзеге асуы үшін құқықтық негіз бен әкімшілік ерік-жігерден бөлек, қаржылық тұрақтылық пен қоғамдық қатысудың үйлесімділігі шешуші факторлар. Бұл механизмдердің өзара байланысын қамтамасыз ету тарихи мұраны тиімді сақтап қана қоймай, оны қазіргі заманның мәдени кеңістігіне интеграциялауға мүмкіндік береді. Музейге айналған тұрғын үйлерге жаңа ғылыми нысан ретінде қарау отандық музеология ғылымында жаңа бағыт қалыптастырады.

Қорытынды

Қорытындылай келе, Алматы қаласының Верный қаласы аумағындағы тарихи тұрғын үйлердің республикалық және жергілікті деңгейде қорғалатын нысандарының заңнамалық мәртебесі мен қазіргі жағдайын талданды. Кестедегі деректер мен зерттеулер нәтижелері көрсеткендей, республикалық маңызы бар ескерткіштерге (мысалы, Көпес А. Гавриловтың үйі, Тит Головизиннің үйі, Зенковтар үйі) мемлекеттік деңгейде жоғары қорғау қарастырылған, бұл оларға ғылыми-зерттеу, реставрация және тұрақты мониторинг жүргізуге мүмкіндік береді. Қаржыландыру және жауапкершілік мемлекеттік бюджеттен қамтамасыз етіледі, сондықтан мұндай нысандар тарихи-мәдени құндылығын сақтауда салыстырмалы түрде жақсы деңгейде тұр. Алайда жергілікті маңызы бар тарихи нысандар (Көпес Ғабдулвалиевтің үйі, Көпес Радченконың үйі, Л.И. Фидлердің үйі) көбінесе аймақтық билік пен шектеулі ресурстарға тәуелді болғандықтан, олардың қорғау және сақталу деңгейі әлсіз. Мұндай жағдайлар реставрация жұмыстарының толыққанды жүргізілмеуіне, мониторингтің шектеулі болуына, әрі тарихи нысандардың бүліну немесе жойылу қаупінің жоғарылауына әкеледі. Мысалы, Кургановтар отбасының үйінің жойылуы тарихи мұраның жоғалуына тікелей мысал.

Бұл тұрғыда Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрінің 2022 жылғы 14 қаңтардағы № 9 бұйрығы ерекше назар аударады. Бұйрықтың 25-бабында «Тарих және мәдениет ескерткішін пайдалану құқығынан айыру» туралы айтады, онда тарихи-мәдени ескерткішті оның сипаты мен мақсатына сәйкес пайдаланбау нәтижесінде бүліну немесе жойылу қатері төнген жағдайда, пайдаланушыларға қатысты құқықтық шаралар қолданылатыны көрсетілген (Алматы қаласының тарихи-мәдени мұра, 2014). Сонымен бірге, 26-бапта «Меншікке және пайдалануға берілген жердегі тарихи-мәдени мұра объектілерінің сақталуын қамтамасыз ету» міндеті жер учаскелерінің меншік иелері мен пайдаланушыларына жүктелген. Алайда, осы заңнамалық нормаларға қарамастан, Алматыдағы жергілікті маңызы бар тарихи нысандардың көпшілігі қорғалуы мен сақталуы тұрғысынан жеткіліксіз деңгейде екенін байқауға болады. Бұл заңдардың орындалмауы немесе жеткіліксіз қадағалануынан тарихи-мәдени мұра объектілерінің бүлінуі және жоғалуы әлі де жалғасуда. Бұл, әсіресе,

меншік иелері мен жер пайдаланушылардың тарихи объектілерді сақтау міндетін толық орындамауы және жергілікті билік тарапынан жеткілікті бақылау мен қаржыландырудың болмауынан туындайды. Осыдан тарихи мұраны қорғау жүйесінің әлсіздігі мен оның жетілдіру қажеттілігі айқын көрінеді. Осы жағдайды ескере отырып, тарихи тұрғын үйлер мен мәдени мұраны сақтау мен насихаттаудың ең ұтымды жолы ретінде музеефикациялау ұсынылады.

Республикалық деңгейдегі қорғалатын нысандардың мысалында көрініс тапқандай, музеефикациялау ғимараттарды ғана емес, сонымен қатар олардың ішіндегі тарихи жәдігерлерді, экспонаттарды сақтап, оларды қоғамдық сананы арттыруға және тарихи танымды кеңейтуге бағытталған кешенді тәсіл. Мұндай нысандар тұрақты бақылауда болып, кәсіби мамандардың қатысуымен реставрацияланып, ғылыми негізде зерттеледі. Бұл тәсіл қоғамға тарихи-мәдени құндылықтардың маңыздылығын танытып, келешек ұрпаққа мұра ретінде қалдыруда маңызды рөл атқарады.

Қорытындылай келе, Алматы қаласындағы тарихи тұрғын үйлердің қорғалуы мен сақталуын қамтамасыз ету мақсатында республикалық және жергілікті заңнамалық механизмдерді жетілдіру, меншік иелері мен жер пайдаланушылардың міндеттерін қатаң бақылау және қаржылық қолдауды арттыру қажеттігі туындайды. Сонымен қатар, музейлендірудің сияқты кешенді тәсілдердің кеңінен қолдану тарихи мұраны сақтау және насихаттау ісін тиімді әрі тұрақты етеді. Осылайша, мәдени мұраны қорғау мен дамыту саласындағы шаралар кешені Алматының тарихи-мәдени кеңістігінің сақталуына және болашақ ұрпаққа жеткізілуіне кепілдік береді.

Дереккөздер

АҚМА — Алматы қаласы мемлекеттік архиві
ҚР ОМҚҚДЖА — Қазақстан Республикасы орталық мемлекеттік кинофото құжаттар және дыбыс жазбалар архиві

Sources

ASA — Almaty State Archive
CSACPhDAR RK — Central State Archive of Cinema and Photo Documents and Audio Records of the Republic of Kazakhstan

Әдебиеттер

- Алматы қаласы музейлер, 2023 — *Алматы қаласы музейлер* бірлестігі. Фотоальбом. Алматы: 2023. 256 с.
- Алматы қаласының жергілікті, 2010 — *Алматы қаласының жергілікті* маңызы бар Тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізімін бекіту туралы: Алматы қаласы әкімдігінің 2010 жылғы 10 қарашадағы № 4/840 қаулысы, 2010. [Электрондық ресурс]. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/archive/docs/V10R0000864/10.11.2010> (қаралған күні: 24.07.2025).
- Алматы қаласының жергілікті, 2021 — *Алматы қаласының жергілікті* маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізімі. Алматы қаласы әкімдігінің 2021 жылғы 17 наурыздағы № 1/191 қаулысы, 2021. [Электрондық ресурс]. // URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V21R0001693/info> (қаралған күні: 31.05.2025).
- Алматы қаласының тарихи-мәдени мұра, 2014 — *Алматы қаласының тарихи-мәдени мұра* нысандарын қорғау аймақтары. Мәслихаттың 2014 жылғы № 261 шешімі, 2014. [Электрондық ресурс]. URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V14R0001089> (қаралған күні: 31.05.2025).
- Байнатов, 2015 — *Байнатов Ж.Б.* Архитектура. Архитектурные конструкции зданий и сооружений: учеб. пособие. Алматы: ҚазҰТЗУ им. Қ. И. Сатпаева, 2015. 348 с.
- Бейсенова, 2023 — *Бейсенова А.М., Толепберген А.Т., Куспанғалиев Б.У.* Региональные особенности архитектуры города Алматы XIX–XX вв. // Наука и образование сегодня, 2023. № 1(75). С. 74–78. [Электрондық ресурс]. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/regionalnye-osobennosti-arhitektury-goroda-almaty-xix-xx-vv> (қаралған күні: 31.05.2025).
- Бекболов, 2020 — *Бекболов А.А., Самойлов К.И.* Предпосылки формирования Алматинской агломерации // Наука и образование сегодня, 2020. № 11(58). С. 53–56. // URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/predposylki-formirovaniya-almatinskoy-aglomeratsii> (қаралған күні: 31.05.2025).
- Ботанов, т.д., 2020 — *Ботанов А.К., Исалова А.М., Даник Л.В., Нурманова Н.Т.* Исторические здания и сооружения города (Верный, Алма-Ата, Алматы): тематический обзор документов, 2020. 8 с.
- Донченко, Самойлов, 2020 — *Донченко С.А., Самойлов К.И.* Градостроительные комплексы города Алматы // Наука и образование сегодня, №9(56), 2020. С. 37–40.

- Донченко, Самойлов, 2020.1 — *Донченко С.А., Самойлов К.И.* Стилевые инновации архитектуры городов-столиц Казахстана // Наука и образование сегодня, 2020. № 9(56). С. 42–50.
- Дуйсенби, т.д., 2023 — *Дуйсенби А.С., Турекулова А.И., Самойлов К.И.* Планировочные решения городов-столиц // Наука и образование сегодня, 2023. № 1(75). С. 64–71.
- Капанов, 1998 — *Капанов А.К., Баймагамбетов С.К.* Алматы: архитектура и градостроительство. Алматы: DIDAR Publishing Co., 1998. 352 с.
- Марғұлан, 1959 — *Марғұлан А.Х., Басенов Т. К., Мендикулов М.М.* Архитектура Казахстана. Алма-Ата: Казгосиздат, 1959. 170 с.
- Мендикулов, 1953 — *Мендикулов М.М.* Архитектура города Алма-Аты. Алматы: Изд-во АН КазССР, 1953. 91 с.
- Мухантаева, 2015 — *Мухантаева А. К.* Исторические формообразующие факторы, повлиявшие на строительство жилищ г. Верного // Актуальные проблемы архитектуры... Тюмень: ТюмГАСУ, 2015. С. 183–190.
- О памятниках истории и культуры, 2008 — *О памятниках истории и культуры* Казахской ССР республиканского значения: Постановление Совета Министров Казахской ССР от 26 января 1982 г. № 38, 2008. [Электронный ресурс]. // URL: https://adilet.zan.kz/rus/docs/P820000038_ (дата обращения: 24.07.2025).
- Республикалық маңызы бар тарих, 2020 — *Республикалық маңызы бар тарих* және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізімі. ҚР Мәдениет және спорт министрінің 2020 жылғы 14 сәуірдегі № 88 бұйрығы. [Электрондық ресурс]. // URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020397> (қаралған күні: 31.05.2025).
- Республикалық маңызы бар тарих, 2025 — *Республикалық маңызы бар тарих* және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізімін бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің 2025 жылғы 11 шілдедегі № 318-НҚ бұйрығы. [Электрондық ресурс]. // URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/G25KS000318> (қаралған күні: 24.07.2025).
- Самойлов, 2004 — *Самойлов К.И.* Архитектура Казахстана XX века. М. – Алматы, 2004. 253 с.
- Сахи, Каржаубаева — *Сахи Ж., Каржаубаева А.* Музей-үйлер: тұжырымдар мен көзқарастар // «Edu.e-history.kz» электрондық ғылыми журналы, 2025. Т. 12. № 1. Б. 217–231.
- Свод памятников, 2006 — *Свод памятников* истории и культуры г. Алматы / сост. Белоносов О.Р.; гл. ред. Агаян Б.Г. Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2006. 360 с.
- Труспекова, 2019 — *Труспекова Х.* Архитектура Алматы и вопросы идентичности // Central Asian Journal of Art Studies, 2019. Т. 1. № 3. С. 37–42.
- Тюрин, 2021 — *Тюрин С.С.* Образ города Верного (Алматы)... Чебоксары: ИД «Среда», 2021. 124 с.
- Шаймарданова, 2013 — *Шаймарданова З.Д.* Город Верный в исторической ретроспективе // МНИЖ, №7–1(14), 2013. // URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/gorod-vernyy-v-istoricheskoy-retrospektive> (қаралған күні: 31.05.2025).
- Шейнер, 2017 — *Шейнер А.Е.* Стилевые направления в архитектуре жилых зданий города Верного // Онтология искусства христианского мира: изобразительное и монументально-декоративное искусство, архитектура и предметно-пространственная среда: XXV Международные Рождественские образовательные чтения: «1917–2017: уроки столетия», 25–27 января 2017. М.: МГХПА им. С. Г. Строганова, 2017. С. 89–92.
- Шейнер, 2020 — *Шейнер А.Е.* Сценография городского пространства Верного... СПб.: СПГХПА им. А.Л. Штиглица, 2020. 380 с.

References

- Almaty kalasy muzeiler, 2023 — *Almaty kalasy muzeiler birlestigi.* Fotoalbum [Association of the museums of Almaty. Photo album]. Almaty: 2023. 256 p. (In Kaz.).
- Almaty qalasynyn tarikhi-madeni mura, 2014 — *Almaty qalasynyn tarikhi-madeni mura* nysandaryn qorgau ajmaqtary. Maslikhattyn 2014 zhylygy No. 261 sheshimi. // URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V14R0001089> (qaralghan kuni: 31.05.2025). (In Kaz.).
- Almaty qalasynyn zhergilikti manyzy bar, 2010 — *Almaty qalasynyn zhergilikti manyzy bar* Tarikh zhane madeniet eskertkishterinin memlekettik tizimin bekitu turaly: Almaty qalasy akimdiginin 2010 zhylygy 10 qarashadagy No. 4/840 qaulysy. // URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/archive/docs/V10R0000864/10.11.2010> (qol zhetkizu kuni: 24.07.2025). (In Kaz.).
- Almaty qalasynyn zhergilikti manyzy bar, 2021 — *Almaty qalasynyn zhergilikti manyzy bar* tarikh zhane madeniet eskertkishterinin memlekettik tizimi. Almaty qalasy akimdiginin 2021 zhylygy 17 nauryzdagy No. 1/191 qaulysy. [Elektronдық resurs]. // URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V21R0001693/info> (qaralghan kuni: 31.05.2025). (In Kaz.).
- Bajnatov, 2015 — *Bajnatov Zh.B.* Arkhitektura. Arkhitekturnye konstruksii zdaniy i sooruzhenij: ucheb. posobie. Architecture. Architectural Structures of Buildings and Constructions: Textbook]. Almaty: QazUTZU im. Q.I. Satpaeva, 2015. 348 p. (In Russ.).
- Bejsenova, 2023 — *Bejsenova A.M., Tolepbergen A.T., Kuspangaliev B.U.* Regionalnye osobennosti arkhitektury goroda Almaty XIX–XX vv. [Regional Features of the Architecture of the City of Almaty in the 19th–20th centuries] // Nauka i obrazovanie segodnja, 2023. No. 1(75). Pp. 74–78. // URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/regionalnye-osobennosti-arhitektury-goroda-almaty-xix-xx-vv> (qaralghan kuni: 31.05.2025). (In Russ.).

- Bekbolov, 2020 — *Bekbolov A.A., Samojlov K.I.* Predposylki formirovaniya Almatinskoy aglomeratsii. [Prerequisites for the Formation of the Almaty Agglomeration] // *Nauka i obrazovanie segodnja*, 2020. No. 11(58). Pp. 53–56. // URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/predposylki-formirovaniya-almatinskoy-aglomeratsii> (qaralgan kuni: 31.05.2025). (In Russ.).
- Botanov, et al., 2020 — *Botanov A.K., Isalova A.M., Dannik L.V., Nurmanova N.T.* Istoricheskie zdaniya i sooruzheniya goroda [Historical Buildings and Structures of the City]. Vernyj, Alma-Ata, Almaty: tematicheskij obzor dokumentov, 2020. 8 p. (In Russ.).
- Donchenko, Samojlov, 2020 — *Donchenko S.A., Samojlov K.I.* Gradostroitelnye komplekсы goroda Almaty. [Urban Planning Complexes of the city of Almaty] // *Nauka i obrazovanie segodnja*, 2020. No. 9(56). Pp. 37–40. (In Russ.).
- Donchenko, Samojlov, 2020.1 — *Donchenko S.A., Samojlov K.I.* Stilevye innovatsii arkhitektury gorodov-stolits Kazakhstana. [Stylistic Innovations in the Architecture of Kazakhstan's Capital Cities] // *Nauka i obrazovanie segodnja*, 2020. No. 9(56). Pp. 42–50. (In Russ.).
- Dujsenbi, et al., 2023 — *Dujsenbi A.S., Turekulova A.I., Samojlov K.I.* Planirovochnye resheniya gorodov-stolits. [Urban Planning Solutions of Capital Cities] // *Nauka i obrazovanie segodnja*, 2023. No. 1(75). Pp. 64–71. (In Russ.).
- Kapanov, Bajmagambetov, 1998 — *Kapanov A.K., Bajmagambetov S.K.* Almaty: arkhitektura i gradostroitelstvo. [Almaty: Architecture and Urban Planning]. Almaty: DIDAR Publishing Co., 1998. 352 p. (In Russ.).
- Margulan, et al., 1959 — *Margulan A.Kh., Basenov T.K., Mendikulov M.M.* Arkhitektura Kazakhstana [Architecture of Kazakhstan]. Alma-Ata: Kazgosizdat, 1959. 170 p. (In Russ.).
- Mendikulov, 1953 — *Mendikulov M.M.* Arkhitektura goroda Alma-Aty. [Architecture of the city of Alma-Ata]. Almaty: Izd-vo AN KazSSR, 1953. 91 p. (In Russ.).
- Mukhantaeva, 2015 — *Mukhantaeva A.K.* Istoricheskie formoobrazujushchie faktory, povliyavshie na stroitelstvo zhilishch g. Vernogo. [Historical Form-Shaping Factors Influencing Housing Construction in the City of Verny] // *Aktualnye problemy arkhitektury...* // Tjumen: TjumGASU, 2015. Pp. 183–190. (In Russ.).
- O pamjatnikakh istorii, 2008 — *O pamjatnikakh istorii i kultury Kazahskoj SSR respublikanskogo znachenija: Postanovlenie Soveta Ministrov Kazahskoj SSR ot 26 janvarja 1982 g.* No. 38. // URL: https://adilet.zan.kz/rus/docs/P820000038_ (data obrashchenija: 24.07.2025). (In Russ.).
- Respublikalyq manyzy bar tarikh, 2020 — *Respublikalyq manyzy bar tarikh* zhane madeniet eskertkishterinin memlekettik tizimi. QR Madeniet zhane sport ministrinin 2020 zhylygy 14 sauirdegi No. 88 bujrygy. // URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020397> (qaralgan kuni: 31.05.2025).
- Respublikalyq manyzy bar tarikh, 2025 — *Respublikalyq manyzy bar tarikh* zhane madeniet eskertkishterinin memlekettik tizimin bekitu turaly. Qazaqstan Respublikasy Madeniet zhane apparat ministrinin 2025 zhylygy 11 shildedegi No. 318-NQ bujrygy. // URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/G25KS000318> (qaralgan kuni: 24.07.2025). (In Kaz.).
- Sakhi, Karzhaubayeva, 2025 — *Sakhi Zh., Karzhaubayeva A.* Musei-uiler: houses: conclusions and views // *Electronic scientific journal “edu.e-history.kz”*, 2025. Vol. 12. No. 1. Pp. 217–231. (In Kaz.).
- Samojlov, 2004 — *Samojlov K.I.* Arkhitektura Kazakhstana XX veka. [Architecture of Kazakhstan in the 20th century]. M. – Almaty, 2004. 253 p. (In Russ.).
- Shajmardanova, 2013 — *Shajmardanova Z.D.* Gorod Vernyj v istoricheskoy retrospektive. [The City of Verny in Historical Retrospective] // *MNIZh*, 2013. No. 7–1(14). // URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/gorod-vernyy-v-istoricheskoy-retrospektive> (qaralgan kuni: 31.05.2025). (In Russ.).
- Shejner, 2017 — *Shejner A.E.* Stilevye napravleniya v arkhitekture zhilykh zdaniy goroda Vernogo. [Stylistic Trends in the Architecture of Residential Buildings in the City of Verny] // *Ontologija iskusstva khristianskogo mira: izobrazitelnoe i monumentalno-dekorativnoe iskusstvo, arkhitektura i predmetno-prostranstvennaja sreda: XXV Mezhdunarodnye Rozhdestvenskie obrazovatelnye chtenija: “1917–2017: uroki stoletija”*, 25–27 janvarja 2017. M.: MGKhPA im. S. G. Stroganova, 2017. Pp. 89–92. (In Russ.).
- Shejner, 2020 — *Shejner A.E.* Stsenografija gorodskogo prostranstva Vernogo. [Scenography of the Urban Space of Verny]. SPb.: SPGKhPA im. A.L. Shtiglitsa, 2020. 380 p. (In Russ.).
- Svod pamjatnikov, 2006 — *Svod pamjatnikov istorii i kultury g. Almaty.* [Compendium of Historical and Cultural Monuments of the City of Almaty] / sost. Belonosov O.R.; gl. red. Agajan B.G. Almaty: Qazaq entsiklopedijasy, 2006. 360 p. (In Russ.).
- Tjurin, 2021 — *Tjurin S.S.* Obraz goroda Vernogo (Almaty). [The Image of the City of Verny (Almaty)]. Cheboksary: ID “Sreda”, 2021. 124 p. (In Russ.).
- Truspekova, 2019 — *Truspekova Kh.* Arkhitektura Almaty i voprosy identichnosti. [Architecture of Almaty and Questions of Identity] // *Central Asian Journal of Art Studies*, T. 1, No. 3, 2019. Pp. 37–42. (In Russ.).

МАЗМҰНЫ

ТАРИХНАМА ЖӘНЕ ДЕРЕКТАНУ

Мамытова С.Н.

XX ҒАСЫРДЫҢ 30-ШЫ ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АШАРШЫЛЫҚ ТУРАЛЫ ТАРИХИ ЖАДЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ БАТЫС ТАРИХНАМАСЫ.....934

Сабитов Ж., Қаратаев Ә., Төлегенұлы Б.

«МАНАС» ЖЫРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ РУЛАРЫНЫҢ ӨКІЛДЕРІ.....946

ТАРИХ

Азретбергенова Э.Ж.

ҚАЗАҚСТАН МЕН ТҮРКИЯ ТӘЖІРИБЕСІ КОНТЕКСТІНДЕ ҰЛТТЫҚ БІРЕГЕЙЛІКТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖӘНЕ ОТАНДЫҚ ТАРИХТЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....960

Айтимбаев А.Т., Сандыбаева А.Д.

1920–1930 ЖЫЛДАРДАҒЫ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН ҚҰРБАҢДАРЫНЫҢ ТАҒДЫРЫ.....974

Алпыспаева Г.А., Джумағалиева К.В., Жұман Г.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ДІН ІСТЕРІ ЖӨНІНДЕГІ УӘКІЛЕТТІЛЕР ИНСТИТУТЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІ (1945–1990 ЖЖ.)...988

Аубакирова Ж.С., Краснобаева Н.Л., Уалтаева А.С.

ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚАЛА ХАЛҚЫ: ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ, ӘЛЕУЕТІ ЖӘНЕ ТӘУЕКЕЛДЕРІ.....1007

Қабылдинов З.Е., Бейсембаева А.Р.

XVIII–XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ ҚАЗІРГІ ЖАПОН ТАРИХНАМАСЫНДА.....1028

Далаева Т.Т., Идрисова А.М.

ВИЗУАЛДЫ ТАРИХИ ДЕРЕККӨЗДЕР ЗЕРТТЕУ БАҒДАРЫНДА: ДӘСТҮРЛІ ИЛЛЮСТРАЦИЯДАН VR/AR РЕПРЕЗЕНТАЦИЯЛАУҒА дейін.....1039

Джампейсова Ж.М., Бижигитова Қ.С., Бекенжанова А.А.

XIX ҒАСЫРДЫҢ 70–90 ЖЫЛДАРЫНДА ҚАЗАҚ ДАЛАСЫНДАҒЫ РЕСЕЙ ӘКІМШІЛІК ШЕКАРАЛАРЫН ОРНАТУ ТӘЖІРИБЕСІ.....1056

Капаева А.Т., Асанова С.А.

XX ҒАСЫРДЫҢ 20–30 ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК САЯСАТТЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....1073

Қасымова Д.Б., Тілеубаев Ш.Б., Абдрахманов Б.

1950–1980 ЖЫЛДАРДАҒЫ ҚАЗАҚ КСР-індегі ДІНИ ЖАҒДАЙДЫҢ КЕЙБІР АСПЕКТІЛЕРІ1089

Қозыбаева М.М.

ТЫҢ ИГЕРУ КЕЗЕҢІНДЕГІ (1950–1960 ЖЖ.) СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АРНАЙЫ ҚОНЫС АУДАРУШЫЛАРДЫҢ КҮНДЕЛІКТІ ӨМІРІ МЕН ҚҰҚЫҚТЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ.....1109

Махметова Н.А., Аубакирова Ж.С., Марғұлан А.С.

РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БАСҚА ӨҢІРЛЕРІМЕН САЛЫСТЫРҒАНДА ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЭТНОДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ДАМУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....1130

Мұқанова Г.Қ., Сәдуақасова З.Т.

ОРТАЛЫҚ АЗИЯ ИШАНДАРЫ ТУРАЛЫ БІЛІМДІ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ НЕГІЗГІ АСПЕКТІЛЕРІ (XIX–XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫ).....1149

Сауырқан Е., Қанпбаева А.Т.

1930 ЖЫЛДАРЫ ШЫҢЖАҢНАН КӨШКЕН ҚАЗАҚ БОСҚЫНДАРЫ ЖӘНЕ ҚАРАУСЫЗ ҚАЛҒАН БАЛАЛАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК МӘСЕЛЕСІ.....1163

Сисенбаева А.А., Калыбекова М.Ч.

ЖЕКЕ ІС – ШТУТТГОФ КОНЦЛАГЕРІНДЕГІ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ СОҒЫС ТҰТҚЫНДАРЫН ЗЕРТТЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІНІҢ ДЕРЕК КӨЗІ РЕТІНДЕ (А. БЕЛОЗАРОВТЫҢ ЖЕКЕ ІСІ МЫСАЛЫНДА).....1177

ЭТНОЛОГИЯ/АНТРОПОЛОГИЯ

Ақымбек Е.Ш., Кембаева А.К.

ОРТА ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ШЫНЫ ӨНДІРІСІ ТУРАЛЫ: ОҢТҮСТІК ЖӘНЕ ОҢТҮСТІК-ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ШЫНЫЛАРЫНЫҢ РЕНТГЕН-СПЕКТРЛІК МИКРОТАЛДАУЫНЫҢ НӘТИЖЕЛЕРІ.....1190

Бейсегулова А., Ашимова С., Картаева Т.

МАТЕРИАЛДЫҚ ЕМЕС МӨДЕНИЕТ МҰРАНЫҢ «ТАБИҒАТ ПЕН ДҮНИЕГЕ ҚАТЫСТЫ БІЛІМДЕР МЕН ӘДЕТ-ҒҰРЫПТАР» ТИПІН САҚТАУДЫҢ АБАЙ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША АЙМАҚТЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....1202

Сапатаев С.Ә., Куралова З.С.

ЕРТЕ ТЕМІР ДӘУІРІ ҚАЗАҚСТАН АУМАҒЫНДАҒЫ ҚОРЫМДАРДА АТПЕН ЖЕРЛЕУ ДӘСТҮРІ.....1221

Сахи Ж., Каржаубаева А.

АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНДАҒЫ ТАРИХИ ТҰРҒЫН ҮЙЛЕРДІҢ ҚАЛАЛЫҚ МӨДЕНИ КЕҢІСТІКТІ САҚТАУДАҒЫ РӨЛІ.....1235

СОДЕРЖАНИЕ

ИСТОРИОГРАФИЯ И ИСТОЧНИКОВЕДЕНИЕ

Мамытова С.Н.

ЗАПАДНАЯ ИСТОРИОГРАФИЯ В ФОРМИРОВАНИИ ИСТОРИЧЕСКОЙ ПАМЯТИ О МАССОВОМ ГОЛОДЕ В КАЗАХСТАНЕ В 30-Е ГГ. XX ВЕКА.....934

Сабитов Ж., Каратаев А., Толегенулы Б.

ПРЕДСТАВИТЕЛИ КАЗАХСКИХ ПЛЕМЕН В ЭПОСЕ «МАНАС».....946

ИСТОРИЯ

Азретбергенова Э.Ж.

ФОРМИРОВАНИЕ НАЦИОНАЛЬНОЙ ИДЕНТИЧНОСТИ И АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ИСТОРИИ В КОНТЕКСТЕ ОПЫТА КАЗАХСТАНА И ТУРЦИИ.....960

Айтимбаев А.Т., Сандыбаева А.Д.

СУДЬБЫ ЖЕРТВ ПОЛИТИЧЕСКИХ РЕПРЕССИЙ В ЮЖНОМ КАЗАХСТАНЕ В 1920–1930-е ГОДЫ: АНАЛИЗ НА ОСНОВЕ АРХИВНЫХ ДАННЫХ.....974

Алпыспаева Г.А., Джумагалиева К.В., Жуман Г.Ж.

ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ ИНСТИТУТА УПОЛНОМОЧЕННЫХ ПО РЕЛИГИИ В КАЗАХСТАНЕ (1945–1990 ГГ.).....988

Аубакирова Ж.С., Краснобаева Н.Л., Уалтаева А.С.

ГОРОДСКОЕ НАСЕЛЕНИЕ ВОСТОЧНОГО КАЗАХСТАНА В РЕГИОНАЛЬНОМ РАЗРЕЗЕ: ОСОБЕННОСТИ, ПОТЕНЦИАЛ И РИСКИ.....1007

Кабульдинов З.Е., Бейсембаева А.Р.

ИСТОРИЯ КАЗАХСТАНА XVIII – НАЧАЛА XX ВЕКА В СОВРЕМЕННОЙ ЯПОНСКОЙ ИСТОРИОГРАФИИ.....1028

Далаева Т.Т., Идрисова А.М.

ВИЗУАЛЬНЫЕ ИСТОРИЧЕСКИЕ ИСТОЧНИКИ В ФОКУСЕ ИССЛЕДОВАНИЙ: ОТ ТРАДИЦИОННОЙ ИЛЛЮСТРАЦИИ К VR/AR РЕПРЕЗЕНТАЦИИ.....1039

Джампиев Ж.М., Бижигитова К.С., Бекенжанова А.А.

ПРАКТИКИ УСТАНОВЛЕНИЯ РОССИЙСКИХ АДМИНИСТРАТИВНЫХ ГРАНИЦ В КАЗАХСКОЙ СТЕПИ В 70–90-е ГОДЫ XIX ВЕКА.....1056

Капаева А.Т., Асанова С.А.

ОСОБЕННОСТИ СОЦИАЛЬНОЙ ПОЛИТИКИ В КАЗАХСТАНЕ В 20–30-е ГОДЫ XX В.....1073

Касымова Д.Б., Тлеубаев Ш.Б., Абдрахманов Б.

НЕКОТОРЫЕ АСПЕКТЫ РЕЛИГИОЗНОЙ СИТУАЦИИ В КАЗАХСКОЙ ССР В 1950–1980-е ГОДЫ.....1089

Козыбаева М.М.

ПОВСЕДНЕВНОСТЬ И ПРАВОВЫЕ АСПЕКТЫ ЖИЗНИ СПЕЦПЕРЕСЕЛЕНЦЕВ В СЕВЕРНОМ КАЗАХСТАНЕ В ПЕРИОД ОСВОЕНИЯ ЦЕЛИНЫ (1950–1960-е ГГ.).....1109

Махметова Н.А., Аубакирова Ж.С., Маргулан А.С.

ОСОБЕННОСТИ ЭТНОДЕМОГРАФИЧЕСКОГО РАЗВИТИЯ ВОСТОЧНОГО КАЗАХСТАНА В СРАВНЕНИИ С ДРУГИМИ РЕГИОНАМИ РЕСПУБЛИКИ.....1130

Муканова Г.К., Садвокасова З.Т.

ОСНОВНЫЕ АСПЕКТЫ ФОРМИРОВАНИЯ ЗНАНИЯ ОБ ИШАНАХ ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ (XIX – НАЧАЛО XX ВВ.).....1149

Сауыркан Е., Каипбаева А.Т.

КАЗАХСКИЕ БЕЖЕНЦЫ ИЗ СИНЬЦЗЯНА В 1930-х ГОДАХ И СОЦИАЛЬНАЯ ПРОБЛЕМА БЕСПРИЗОРНЫХ ДЕТЕЙ.....1163

Сисенбаева А.А., Калыбекова М.Ч.

ЛИЧНОЕ ДЕЛО – КАК ИСТОЧНИК ИЗУЧЕНИЯ ПРОБЛЕМЫ ИССЛЕДОВАНИЯ ВОЕННОПЛЕННЫХ КАЗАХСТАНЦЕВ КОНЦЛАГЕРЯ ШТУТТГОФ (НА ПРИМЕРЕ ЛИЧНОГО ДЕЛА А. БЕЛОЗАРОВА).....1177

ЭТНОЛОГИЯ/АНТРОПОЛОГИЯ

Акымбек Е.Ш., Кембаева А.К.

О СТЕКЛОДЕЛИИ В СРЕДНЕВЕКОВОМ КАЗАХСТАНЕ: РЕЗУЛЬТАТЫ РЕНТГЕНСПЕКТРАЛЬНОГО МИКРОАНАЛИЗА СТЕКЛА ИЗ ЮЖНОГО И ЮГО-ВОСТОЧНОГО КАЗАХСТАНА.....1190

Бейсегулова А., Ашимова С., Картаева Т.

РЕГИОНАЛЬНЫЕ ОСОБЕННОСТИ СОХРАНЕНИЯ ВИДА НЕМАТЕРИАЛЬНОГО КУЛЬТУРНОГО НАСЛЕДИЯ «ЗНАНИЯ И ОБЫЧАИ, СВЯЗАННЫЕ С ПРИРОДОЙ И ВСЕЛЕННОЙ» В АБАЙСКОЙ ОБЛАСТИ.....1202

Сапатаев С.А., Куралова З.С.

ТРАДИЦИЯ ЗАХОРОНЕНИЯ ЛОШАДЕЙ В МОГИЛЬНИКАХ КАЗАХСТАНА РАННЕГО ЖЕЛЕЗНОГО ВЕКА.....1221

Сахи Ж., Каржаубаева А.

РОЛЬ ИСТОРИЧЕСКИХ ЖИЛЫХ ДОМОВ ГОРОДА АЛМАТЫ В СОХРАНЕНИИ ГОРОДСКОЙ КУЛЬТУРНОЙ СРЕДЫ.....1235

CONTENTS

HISTORIOGRAPHY AND SOURCE STUDIES

Mamytova S.N. WESTERN HISTORIOGRAPHY IN THE FORMATION OF HISTORICAL MEMORY OF THE MASS FAMINE IN KAZAKHSTAN IN THE 30S OF THE XXTH CENTURY	934
Sabitov Zh., Karatayev A., Tolegenuly B. REPRESENTATIVES OF KAZAKH TRIBES IN THE EPIC “MANAS”	946

HISTORY

Azretbergenova E.Zh. FORMATION OF NATIONAL IDENTITY AND CURRENT ISSUES OF NATIONAL HISTORY IN THE CONTEXT OF THE EXPERIENCE OF KAZAKHSTAN AND TURKEY	960
Aitimbaev A., Sandybayeva A. THE FATE OF VICTIMS OF POLITICAL REPRESSION IN SOUTHERN KAZAKHSTAN IN THE 1920 AND 1930: AN ANALYSIS BASED ON ARCHIVAL DATA.....	974
Alpyspaeva G., Dzhumagaliyeva K., Zhuman G. ACTIVITIES OF THE INSTITUTE OF COMMISSIONERS FOR RELIGION IN KAZAKHSTAN (1945–1990).....	988
Aubakirova Zh.S., Krasnobaeva N.L. Ualtayeva A.S. URBAN POPULATION OF EAST KAZAKHSTAN: FEATURES, POTENTIAL AND RISKS	1007
Kabuldinov Z.E., Beisembayeva A.R. HISTORY OF KAZAKHSTAN IN THE XVIII – EARLY XX CENTURIES IN CONTEMPORARY JAPANESE HISTORIOGRAPHY	1028
Dalayeva T.T., Idrissova A.M. VISUAL HISTORICAL SOURCES IN FOCUS OF RESEARCH: FROM TRADITIONAL ILLUSTRATION TO VR/AR REPRESENTATION	1039
Jampeissova Zh., Bizhigitova K., Bekenzhanova A. PRACTICE OF ESTABLISHING RUSSIAN ADMINISTRATIVE BORDERS IN THE KAZAKH STEPPE IN THE 70–90S OF THE XIX CENTURY	1056
Kapayeva A.T., Asanova S.A. FEATURES OF SOCIAL POLICY IN KAZAKHSTAN IN THE 1920S–1930S XX CENTURY	1073
Kassymova D.B., Tleubayev Sh.B., Abdrakhmanov B. SOME ASPECTS OF RELIGIOUS SITUATION IN THE KAZAKH SSR IN 1950–1980s	1089
Kozybayeva M.M. EVERYDAY LIFE AND LEGAL ASPECTS OF THE LIVES OF SPECIAL SETTLERS IN NORTHERN KAZAKHSTAN DURING THE PERIOD OF VIRGIN LAND DEVELOPMENT (1950–1960S).....	1109
Makhmetova N.A., Aubakirova Zh.S., Margulan A.S. FEATURES OF ETHNO-DEMOGRAPHIC DEVELOPMENT OF EASTERN KAZAKHSTAN IN COMPARISON WITH OTHER REGIONS OF REPUBLIC.....	1130
Mukanova G.K., Sadvokasova Z.T. THE MAIN ASPECTS OF THE FORMATION OF KNOWLEDGE ABOUT HEALING IN CENTRAL ASIA (XIX – EARLY XX CENTURIES).....	1149
Sauyrkan Ye., Kaipbayeva A.T. KAZAKH REFUGEES FROM XINJIANG IN THE 1930S AND THE SOCIAL PROBLEM OF ABANDONED CHILDREN.....	1163
Sissenbayeva A.A., Kalybekova M.Ch. PERSONAL FILE – AS A SOURCE FOR STUDYING THE PROBLEM OF RESEARCHING KAZAKH PRISONERS OF WAR IN THE STUTTHOF CONCENTRATION CAMP (BASED ON THE EXAMPLE OF A. BELOZAROV'S PERSONAL FILE).....	1177

ETHNOLOGY/ANTHROPOLOGY

Akymbek Ye.Sh., Kembyaeva A.K. GLASSMAKING IN MEDIEVAL KAZAKHSTAN: RESULTS OF X-RAY SPECTRAL MICROANALYSIS OF GLASS FROM SOUTH AND SOUTHEAST KAZAKHSTAN.....	1190
Beysegulova A., Ashimova S., Kartaeva T. REGIONAL SPECIFICS OF SAFEGUARDING THE INTANGIBLE CULTURAL HERITAGE “KNOWLEDGE AND CUSTOMS RELATED TO NATURE AND THE UNIVERSE” IN THE ABAI REGION	1202
Sapatayev S., Kuralova Z. TRADITION OF BURIAL OF HORSES IN EARLY IRON AGE CEMETERIES OF KAZAKHSTAN.....	1221
Sakhi Zh., Karzhaubayeva A. THE ROLE OF HISTORIC RESIDENTIAL BUILDINGS IN PRESERVING THE URBAN CULTURAL LANDSCAPE OF ALMATY	1235

ASIAN JOURNAL “STEPPE PANORAMA”

2025. 12 (4)

Бас редактор:

Қабылдинов З.Е.

Компьютерде беттеген:

Копеева С.Ж.

Құрылтайшысы және баспагері:

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті

Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Редакция мен баспаның мекен-жайы:

050010, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй

ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Журнал сайты: <https://ajspiie.com>

Ш.Ш. Уәлиханов ат. ТЖЭИ басылған:

050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй